

ЛЕНИН ТУЫ

КАЗАКСТАН КИ СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ, ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТТЕРІНІҢ ЖӘНЕ ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 190 (9767) 1955 жылғы 24 сентябрь Сенбі

Шығуына 36 жыл. Жетек саны 20 тыйын.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

Н. С. Хрущев жолдастың Қытай Халық Республикасының елшісі Лю Сяо жолдасты қабылдауы (1-бет).

Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущевтің Француз парламент делегациясының мүшелерін қабылдауы (1-бет).

СЕНТЯБРЬ — КАРТОП ЖЫЙНАУДЫҢ ҚОЛАЙЛЫ КЕЗЕҢІ: И. Ляшевч. — Картоп өнімін қысқа мерзімде жыйнаймыз. А. Мақаев. — Картоп пен овощ жыйнау

және дайындау тыңғылықты ұйымдас-тырылмай отыр (1-бет).

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ: М. Нұрғожин. — Совет ауданында бұқаралық-саяси жұмыс бағаланбайды. В. Иванова. — Тиімді, үлгілі шаруашылық үшін (2-бет).

А. Щербанов. — Оқушылардың поли-техникалық даярлығын жақсарту берейік (2-бет).

РЕДАКЦИЯҒА ХАТ: Г. Карташов. — Мен орта мектепті қалай бітірдім. Қ. Сыр-

лыбаев. — Ескеретін іс. Қ. Ғалиев. — «Жоққа жүйрік жете ме?» (2-бет).

ОБЛЫСЫМЫЗДА: (3-бет). Н. Ертаев. — Қамқорлық көмек көрсетуде (3-бет).

БҰҰ БАС АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ X СЕС-СИЯСЫНДА: В. М. Молотовтың БҰҰ Бас Ассамблеясының 1955 жылғы 20 сентябрьдегі пленум мәжілісінде жаса-ған мәлімдемесі (4-бет).

Шетелдік хабарлар (4-бет).

Мал қораларын жаңадан салу және ескі қораларды жөндеу жедел аяқталатын болсын

«Зоотехникалық-малдәрігерлік талап-тарға және шаруашылықты мәдениетті жүргізу талаптарына сай келетін қоралармен малды қамтамасыз ету,—депінген СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының қаулысында, —мал шаруашылығын өркендетудің аса маңызды шарты болып табылады. Жақсы салынған мал қораларының жеткіліксіз болуы колхоз-дарға үлкен нұқсан келтіреді, мал шаруашылығының өнімділігін кемітеді және малдың, әсіресе төл шығынын көбейтеді. Кәзіргі уақытта колхоздарда жаңа мал қораларын салу дәрежесі қоғамдық мал шаруашылығынан онан әрі өркендетіп, оның өнімділігін арттырудың Партия мен Үкмет алға қойған міндетіне сай жетпейді».

СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының қаулысында ерекше атап көрсетілген бұл жайдан облысымыздың жергілікті партия, совет ұйымдары мен МТС, колхоз және совхоз басшылары әлі тиісті қорытынды шығармай отыр. Демек облыстың колхоздарында болсын, совхоз-дарында болсын жаңадан мал қораларын салудың және ескі мал қораларын жөндеп, тәртіпке келтірудің барысы әлі де нашар. Соңғын жақсы салынған мал қораларының жеткіліксіз болып қалу хауші туып отыр.

Колхоздар мен совхоздарда мал қораларын салу мен жөндеудің нашар болу сыры неде? Мұның сыры сол, Пленум қаулысында атап көрсетілгендей, колхоз-дар мен совхоздарда мал қораларын салу жұмысының мықтап төмендеуіне жол берілді, шаруашылықтардың едәуір бөлегінде тұрақты құрылыс бригадалары ұйымдаспырмады. Құрылыс материалдарын жергілікті жерлерде өндіру көзделмеді. Ал мұның барлығы құрылыс жұмыстарын едәуір кешеуілдетіп отыр.

Мал қораларын жаңадан салуды және ескі мал қораларын жөндеу ісін тез аяқтау үшін ең алдымен тұрақты құрылыс бригадаларын қалпына келтіріп, оларды құрылысшылармен және тәжірибелі бригадирлермен толықтыру қажет. Құрылыс бригадалары қажетті табылса,

осыдан бүкіл облыс бойынша күні бүгінге дейін салынған даяр тұрғаны бір ғана қора! Тамань дивизиясы атындағы, Чарқасек сияқты совхоздар мал қораларын салуға күні бүгінге дейін кіріспей де отыр.

Колхоздар мен совхоздардағы жаңа мал қораларының құрылысына облыстық тұтынушылар одағы тарапынан да тиісті көмек жоқ. Бұл сауда орны құрылыстық ағаш, цемент, әк, қора төбелерін жабатын материалдар жөнінде өзіне жүктелген міндеттің дәрежесінде емес. Колхоздар мен совхоздарда қораларды жаңадан салудың және ескі қораларды жөндеудің қарқынды төмен болу себептерінің бірі осы.

СОКП Орталық Комитетінің Пленумы мал қораларын механикаландыру мәселесіне ерекше маңыз берген болатын. Ашып айту керек, колхоздарда бұл жұмыстың жаңы мүддем қанағаттанғысыз. Облыста толық механикаландырылуға тиісті 180 қорадан өзінше механикаландырылғаны 6 ғана қора. Мәселе тек қана жақсы салынған қоралардың тапшылығында емес, облыстық ауыл шаруашылығын жабықтау мәселесі мен тұтынушылар одағының мал қораларын механикаландыруға қажетті жабықтарды дер-кезінде жеткізеуінде болып отыр. Ендігі жерде бұл мәселені жете ойластырып, нақтылы ескерген жөн.

Қоғамдық мал шаруашылығын өркендетудің жауапты кезеңі —қыс маусымы таялып қалды. Сондықтан колхоздар мен совхоздарда жаңадан мал қораларын салудың және ескі қораларды жөндеп, тәртіпке келтірудің жедел шаралары қолданылуға тиіс. Бұған колхоздардың кәзіргі уақытта, бұрынғы кай кездегіден болса да, зор мүмкіндігі бар.

Колхоздар мен совхоздарда қора құрылысын және ескі қораларды жөндеу ісін тез аяқтау үшін ең алдымен тұрақты құрылыс бригадаларын қалпына келтіріп, оларды құрылысшылармен және тәжірибелі бригадирлермен толықтыру қажет. Құрылыс бригадалары қажетті табылса,

Н. С. Хрущев жолдастың Қытай Халық Республикасының Елшісі Лю Сяо жолдасты қабылдауы

21 сентябрьде СОКП Орталық Комитетінің Бірінші секретары Н. С. Хрущев жолдас Қытай Халық Республикасының Елшісі Лю Сяо жолдасты қабылдап, онымен әңгі-мелесті. (ТАСС).

Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущевтің француз парламент делегациясының мүшелерін қабылдауы

22 сентябрьде ССРО Министрлер Советінің Председателі Н. А. Булганин мен ССРО Жоғарғы Советі Президиумының мүшесі Н. С. Хрущев Кремльдің Үлкен Сарайында ССРО Жоғарғы Советінің шақыруы бойынша Совет Одағында қонақ болып жүрсен француз парламент делегациясының мүшелерін қабылдады.

Қабылдауда делегацияның басшысы — Франция Ұлттық жыйналысының председателі Пьер Шнейтер және делегацияның мүшелері — Андрэ Мерсье, Жаклин Томе-Патенотр ханым, Венсан Бади, Алессе Рубер, Эдуард Дебре, Раймон Шмиттлан, Пьер Гарэ, Жан Юппа, Робер Обэ, Эдмон Баррашен, Альбер Газье, Розе Уда, Антуан Гиттон, Жан Кань, Омер Камель, Пьер де Ла Гонтри, Мамаду Диа болды.

Н. А. Булганин қонақтарды жылы шыраймен құттықтап, оларды Москвада қору сүйсінерлік іс деп мәлімдеді. Бұдан кейін ашылған-ашық, достық әңгіме жасалып, ол үш сағатқа дерлік уақытқа созылды.

Н. С. Хрущев пен Н. А. Булганин француз парламентші-лерінің өтінуі бойынша олардың қойған сұрақтарына жауап берді. Олар Совет Одағы мен Франция арасында ешқандай кезеңсіздік жасалмайтын өзара тиімді негізде сауда қаты-

настарын онан әрі дамыту жолдары мен мүмкіндіктері туралы мәселе жөнінде, халықаралық шиеленісті бәсеңдету және бейбітшілікті баянды ету мәселелері жөнінде, герман проблемасы, Қызыр Шығыстағы жағдай жөнінде советтік көзқарасы айтып берді.

Н. С. Хрущев француз халқына ең ізгі тілектестік сөлемдер ташсыруды өтінді, француз және совет халықтары мен барлық халықтар арасында достықты нығайтуға тілектестік білдірді.

Н. С. Хрущевтің айтқан пікірлерінің бәрине де өзінің қосымалығын атап көрсетіп, Н. А. Булганин Совет Үкметінің атынан француз халқына достық сөлем ташсырды.

Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущевтің француз парламенті делегациясының мүшелерімен әңгімесінде ССРО Жоғарғы Советі Одақ Советінің Председателі А. П. Волков, ССРО Жоғарғы Советі Ұлттар Советінің Председателі В. Т. Лацис, ССРО Сыртқы істер министрінің орынбасары В. А. Зорин, сонымен қатар Францияның ССРО-дағы Төтенше және Полномочілі Елшісі Л. Жюкс, совет және француз журналистері де болды. (ТАСС).

СЕНТЯБРЬ — КАРТОП ЖЫЙНАУДЫҢ ҚОЛАЙЛЫ КЕЗЕҢІ

Картоп өнімін қысқа мерзімде жыйнаймыз

Біздің колхоз қалаға іргелес шаруашы-лықтардың бірі. Сондықтан қала халқына картоп және овощ өнімдерімен қамтамасыз ету жауапкершілігін ескере отырып, бийылғы кезтемде картоп өгісінің көле-мін 85 гектарға жеткіздік. Картопты егу, жазда күтіп-баптау жұмыстарын агро-техникалық талаптарға сай жүргіздік.

Колхоз басқармасы агрономдармен және отород бригадасының бригадирлерімен бір-лесе отырып, картоп өнімін жыйнаудың жұмыс жоспарын жасады. Картопты

бір гектарынан 100 центнерден картоп алынып отыр. Ауа райының бийылғы қолайсыз жағдайында картоптан мұндай жоғары өнім алу колхозшыларымыздың картоп өгісін күтіп-баптаудағы қажыр-лы және агротехникалық талаптарға сай еңбектерінің нәтижесі деуіміз керек.

Біз картопты мына әдіспен жыйнап жатырмыз: шаршы-ұялап отырғызылған картоп түптерін бір адам қопарып, өнімді топырақтың бетіне шығарады. Ал екінші адам топырақтың бетіне шығып қалған

Картоп өнімін жыйнаудың ең қолайлы айы — сентябрь. Біздің колхозда кар-топты қысқа мерзім ішінде, сентябрьдің аяғына дейін толық жыйнап алу үшін жұмысты тек қол күшімен жүргізу жет-кіліксіз. Бұған техника қуатын пайда-лану керек. Бірақ біздің шаруашылықты қамтйтын Асанов МТС-нің басшылары станциядағы картоп жыйнайтын арнаулы комбайндарды осы уақытқа дейін колхоз-ға жібермей келеді. Тіпті ол комбайндар осы уақытқа дейін картоп өнімін жый-

Туған елімізде



Москваның элентр шамдары заводын-да портативі шағын габаритті электрон-ды «Молния» аспабын шығару игеріл-ді. «Молния» түнгі уақыттарда үй ішінде суретке түсірген кезде жарық беруге арналған.

СУРЕТТЕ: аспаптарды сынақтан өт-кізуші Р. Столярова мен инженер Г. Дуванов «Молния» аспабының алғашқы бір тобын сынақтан өткізіп тұр.

(ТАСС-тың фотохроникасы).

Куликов шайқасының 575 жылдығына арналған ғылыми сессия

Москвада Куликов шайқасының 575 жылдығына арналған ғылыми сессия аяқ-талды. Сессияны мемлекеттік әдебиет му-зейі мемлекеттік тарихи музеймен, Анд-рей Рублев атындағы музеймен және Ор-талық соғыс-инженерлік музеймен бірле-сіп шақырды. Мәжілістерге 500 адам қат-тысты. Украин ССР Ғылым академия-сының толық мүшесі Н. К. Гудзий сес-сияның толық қатысушысы болды.

материалдары пайдаланылмай, алғашқы құрылған құрылыс бригадаларының құрамы тұрақтандырылмады. Сондай-ақ аталған аудандарда жаңадан мал қораларын салудың алдыңғы қатарлыларының тәжірибесі жұртшылық игілігіне айналдырылмады.

Мәселен, Конюхов ауданының Ленин атындағы колхозында шлако-бетоннан төртқатарлы сыйыр қорасы салынып отыр. Ал Мамлют ауданының Куйбышев атындағы колхозы қамыстан мал қораларын және малшылар үшін үйлер салып алды. Бірақ аталған аудандардың партия, совет ұйымдары жергілікті құрылыс материалдарының барлық колхоздарда бірдей осындай пайдалы ұқсастылуына жетісе алмады.

Жергілікті құрылыс материалдарын пайдалануда Ленин ауданындағы «Мир» ауылшаруашылық артелінің колхозшылары игі жұмыстар істеп отыр. Олар тастаң сыйыр және шошқа қорасын салып алды. Бірақ мұндай мүмкіншілігі толық жеткілікті Ленин және Октябрь аудандарының партия, совет ұйымдары бұл іске әзірше маңыз бере қойып жүрген жоқ. Осының салдарынан аталған екі аудандағы тас сыяқты пайдалы әрі бекем құрылыс материалы іске асырылмай жатыр.

Облыс совхоздарында істің жайы бұдан да нашар деуіміз керек. Совхоздар бойынша быйғы 186 қора салынуға тиіс

және, құрал-саймандармен, техникамен және аспаптармен толық қамтамасыз етілетін болсын. Құрылыс жұмыстарына жергілікті құрылыс материалдарын сарқалы пайдалануды қамтамасыз ету мәселесімен жергілікті партия, совет ұйымдары мен колхоз, совхоз және МТС басшылары тікелей шұғылдануға тиіс.

Мал қораларын жаңадан салуда және ескі қораларды жөндеуде МТС-тер колхоздарға зор көмек көрсете алады. Олар құрылыстар салуда, тақтай тілуде, құрылыс материалдарын жеткізуде колхоздарға жедел көмек көрсетуге міндетті.

Жоғарыда облыстық ауыл шаруашылығын жабдықтау мекемесі мен тұтынушылар одағының колхоздарға және совхоздарға құрылыс материалдары жөнінде тиісінше көмектесе алмай отырғандығы айтылды. Бұдан аталған мекемелердің басшылары нақтылы қорытынды шығаруы керек.

Облыстың егін даласында болсын, мал фермаларында болсын СОБН XX съезі құрметіндегі социалистік жарыс барған сайын өрістей түсіп отыр. Бұл жарыс туын оған әрі жоғары көтеріп, колхоз, совхоз құрылысшыларының мал қораларын салу және ескі қораларды жөндеу ісінде жаңа табысқа ие болуын қамтамасыз етейік! Партия, совет ұйымдары мен колхоз, совхоз және МТС басшыларының бүгін таңдағы басты міндеттерінің бірі, міне осы.

ҚҰРМЕТ ТАҚТАСЫ

Облыстық ауылшаруашылық басқармасының ұсынуы бойынша егін жыйнау мен астық дайындауда үздік табысқа жеткен мына колхоздар облыстың ҚҰРМЕТ ТАҚТАСЫНА жазылсын.

Совет ауданындағы «СЕВЕРНЫЙ БЕРЕГ» колхозы (председателі Кордюкович, партия ұйымының секретары А. Таран жолдастар) мемлекетке астық тапсыру жоспарын 118 процент орындаған.

Конюхов ауданындағы КАГАНОВИЧ АТЫНДАҒЫ колхоз (председателі М. Головкин, партия ұйымының секретары Коршан жолдастар) мемлекетке астық тапсыру жоспарын 112,4 процент орындаған.

Мамлют ауданындағы ВОРОШИЛОВ АТЫНДАҒЫ колхоз (председателі В. Стольников, партия ұйымының секретары Т. Журтанов жолдастар) мемлекетке астық тапсыру жоспарын 108 процент орындаған.

Мамлют ауданындағы «БОЛЬШЕВИК» колхозы (председателі Г. Евтеев, партия ұйымының секретары Г. Никишкин жолдастар) мемлекетке астық тапсыру жоспарын 107 процент орындаған. Петропавл ауданындағы ЧАПАЕВ АТЫНДАҒЫ колхоз (председателі Д. Блекатюк, партия ұйымының секретары А. Абалтусов жолдастар) мемлекетке астық тапсыру жоспарын 107 процент орындаған.

Мамлют ауданындағы МОЛОТОВ АТЫНДАҒЫ колхоз (председателі Е. Столбунов, партия ұйымының секретары П. Нехлескин жолдастар) мемлекетке астық тапсыру жоспарын 106,6 процент орындаған.

Петропавл ауданындағы «ҚАЗАҚСТАННЫҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫ» колхозы (председателі И. Ляшевич, партия ұйымының секретары Н. Манник жолдастар) мемлекетке астық тапсыру жоспарын 103 процент орындаған.

ді, тағы басқа құрал-саймандар мен ыдыстарды белгіледі.

Өткен жылы картоп өнімдерін сақтайтын орындардың дерезінде әзірленбеуінен қажетті тұқым қорын толық құюда едәуір қиыншылық кездесті. Осыдан қорытынды шығара отырып, біз быйыл картоп және овоц дақылдарын сақтайтын 3 қойма әзірледік. Қоймалардың ішін сақталатын өнім бүлінбейтіндей етіп жақсы жабдықтадық.

Кәзір колхозда картоп өнімін жыйнау басталды. Бұл жұмыста қамтуында 10—15 адам бар үш звено жүр.

Алғашқы жыйналған учасктердің әр-

Картоп пен овоц жыйнау және дайындау тыңғылықты ұйымдастырылмай отыр

Ауданның «Заветы Ильича» колхозы колхозшыларының картоп жыйнауға кіріскеніне бір аптадай болды. Картоп қазуға колхоздағы жұмысқа жарамды адамдар түгелінен қатысулы. Колхозшылар картоптың әрбір гектарынан 150 центнерге дейін өнім алуға.

Осы сыяқты, «Зерновая фабрика» колхозының колхозшылары да қашуғаның гектарынан 300—400 центнерге дейін өнім жыйнауда. Бұл фактілердің барлығы аудан колхоздарында быйыл картоп және овоц шығымы жақсы өкендігін дәлелдейді.

Міндет — картоп пен овоцты мол өнімді етіп өсіру ғана емес, сонымен қабат сол өнімді жөндеу, ысырғаныз жыйнап алуға.

Алайда, істің кәзіргі жағдайы бұған мүлдем жерісінше. Осы уақытқа дейін картоп қазуға жалғыз «Заветы Ильича» колхозынан басқа бірде-бір колхоз кіріскен жоқ. Колхоздың қайсысында болсын,

Петропавл совхозының картоп жыйнайтын комбайн машинисі В. Пятюк жолдас өткен жылы жұмыста жақсы көрсеткіштерге ие болғаны үшін 1955 жылы Бүкілодақтық ауылшаруашылық коммисіне қатысушы болып бекітілді. Үстіміздегі жылы механизаторлар бұл комбайнға картопты комбайн жүріп бара жатқан кезде қотаруға мүмкіндік беретін транспортер орнатты. Мұның өзі далалдағы картопты тасып алуға едәуір тездетті.

СУРЕТТЕ: совхозда комбайнмен картоп жыйнап жүрген кез. Оң жақта машинист

зипшаға, ұсақтарын екінші карзинкаға салып отырады. Картопты былайна сорттап, бөлек жыйнау жұмыстың өнімді жүргізілуіне де, өнім жыйналғаннан кейін картопты сорттауға уақыт кетірмеуге де өте қолайлы. Біз жыйналған ұсақ картоптарды мал жемі үшін бөлек сақтаймыз да, ірі картоптарды тұқымға, мемлекетке тапсыруға және сатуға арнаймыз.

Картоп өнімі қоймаға сақтауға берілу алдында жақсы тазартылады, кентіріледі және гекохлоранмен дезинфекцияланады. Картопты гекохлоранмен дезинфекциялау қоймада сақтаған кезде оны шіріп жетуден сақтайды.

картоп қазуды ұйымдастыруға болады. Жұмысқа жарамды адамдар да жеткілікті. Бірақ колхоз басшылары біржақтылыққа салынып, картоп қазуды көріне-көзге бөгеп отыр.

Картоп қазуда колхоздарға МТС-тер зор көмек көрсетуге тиіс. Бірақ аудан МТС-терінің колхоздарға көрсетіп отырған көмегі әзірге жоқтың қасы. МТС-тердің бірде-бірінде картоп жыйнайтын комбайн жұмысқа қосылмаған. Кейбір МТС-тердің директорлары ол комбайндарды картоп қазуға қатыстыруды қажет деп те санамай отыр. Бұл жөнінде мысалға Вильямс атындағы МТС-тің директоры Галамов жолдасқа алуға болады. Ол картоп жыйнайтын комбайнның осы уақытқа дейін жұмысқа қосылмауын былай деп түсіндіреді:

—Біздің жағдайда бұл комбайнмен картоп қазуға болмайды, оның үстіне комбайнды жүргізетін механизатор да жоқ.

МТС-тің бас инженері Киселев жолдас картоп жыйнайтын комбайндарды тез жабдықтап, колхоздарға жіберуді ойластырмай келеді. Мұның өзі картоп жыйнау жұмысын тездетуге бөгеп болып отыр.

Колхозшыларымыз үстіміздегі жылы мемлекетке жемінде 1200 центнер картоп тапсыруды ұйғарып отыр. Біздегі картоп өнімі бұл мақсатты орындауға толық мүмкіндік береді де.

И. ЛЯШЕВИЧ,

Петропавл ауданы, «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының председателі.

Колхоздарда картоп, овоц өнімдерін дайындаудың да жайы нашар болып отыр. Колхоздардың бірқатарының овоц жыйнағанына бірсыпыра уақыт өтсе де, бұл өнімдерді мемлекетке тапсыруға тек Чкалов атындағы және «Зерновая фабрика» колхоздары ғана кірісті.

Дайындау орындарының картоп пен овоц қабылдауға әзір еместігін де айта кету керек. Дубровное, Воскресенское және ауданның басқа селолық тұтынушылар қорамдары картоп пен овоц қабылдауға әлі әзір емес. Бұларда овоц сақтайтын орындар, овоц тұздайтын ыдыстар жоқ.

Аудан колхоздарында картоп пен овоц жыйнау және дайындау жайы осындай. Бұған бұдан әрі тезуге болмайтындығын колхоз, МТС басшылары мен дайындау орындарының қызметкерлері мықтап ескеруге тиіс.

А. МАҚАЕВ,
Мамлют ауданы.

сы ұрыстардағы өзгерісті көзек болған Куликов шайқасының зор маңызын атап көрсетті.

Академик М. Н. Тихомировтың сөзін жыйналғандар ынта қойып тыңдады. Ол Куликов шайқасының оқыйғасын зор тарихи шындықпен ашып көрсететін өзінің жаңа зерттеулері туралы хабарлады.

Профессор Н. Н. Вороцин өзінің хабарында Дмитрий Донской заманында орыс сәулетшілік өнерінің және соғыс-инженерлік искусствосының гүлденуі туралы айтты.

Тула педагогикалық институтының оқытушысы В. Н. Ашурков сессияға қатысушыларға Куликов шайқасы болған жерлер туралы күні бүгінге дейін халық аузынан түспей келе жатқан өте бай фольклор туралы айтып берді.

Ярославльде жуырда ғана табылған ХҮІ ғасырдың станокті көркем уникальді ескерткіші туралы хабар зор назар аударды. Онда тарихи тақырыптардағы көптеген суреттердің арасында Мамай қырғынының эпизодтарын бейнелейтін көлемді суреттер бар.

Сессияның жұмысына ұштастырыла арнаулы көрме ұйымдастырылды. Көрме экспонаттарының ішінде Куликов шайқасының тарихи оқыйғаларын бейнелейтін Андрей Рублевтің және басқа да мастерлердің суреттері, әдеби шығармалары бар. (ТАСС).


Шөлге ағаш егетін машиналар

БУХАРА, (ТАСС). Қызыл құмдағы Шафрикан орман шаруашылығында Орта азиялық орман шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты даярлаған машиналарды өндірістік сынақтан өткізу аяқталды. Олар шөл далаларға орман алқаптарын отырғызуға байланысты еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механизаландыруға арналған.

Өзбекстанның еңбек сіңірген механикаторы Л. П. Крутиковтың конструкциясы бойынша жасалған «УО—5» универсальді агрегаты жоғары баға алды. «УО—5»-тің еңбек өнімділігі осы сыяқты басқа машиналардың еңбек өнімділігінен екіжарым есе жоғары.

Институт конструкторлары этекторлы автоматты тұқым сеңкішке көптеген жетілдірулер енгізді. «ГАЗ—69» автомашинасына орнатылған тұқым сеңкіштің тұқым себетін аппараты бір күн ішінде 50 гектар алаңға тұқымды қатарлап және 120 гектар алаңға тұқымды шаныш себеді. Арнаулы жабдықтардың көмегімен топырақ қоныстылады және топыраққа тұқым сіңіріледі. Соның нәтижесінде құмды жерлерді егіс алдынан өңдеу қажет болмайды.

Шөлге ағаш егуге арналған жаңа техниканы дайындау жөнінде заводқа заказ берілді.



В. Пятюк жолдас жұмыс үстінде.

Суретті түсірген

А. Розенштейн.

ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

Совет ауданында бұқаралық-саяси жұмыс бағаланбайды

Аудандық комитетте

Аудандық партия комитетінің секретары Бодров, насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі Тілеужанов жолдастармен жергілікті жердегі саяси жұмыстың жайы жөнінде әңгімелесе қалсаңыз, олар нақтылы ешбіресе айта алмай, тек сырттан жорамалдай береді.

— Бұқаралық-саяси жұмысты ұйымдастыру жөнінде қай партия ұйымының тәжірибесін зерттеуге болар екен, — деген сұраққа әжеуі де таң қалғандай болып, бір-біріне қарасты. Бір кезде Бодров жолдас сөздің тарихынан шаруашылық жұмыстардың соңғы бескүндіктегі шумақ-шумақ мөлметтерін суырып алды да:

— Ауданда астық дайындауды «Северный берег» колхозы бірінші болып аяқтады. Шағыл совхозы мен Аманкелді атындағы колхоз да — алда келе жатқандардың бірі. Осыған қарағанда бұларда саяси жұмыстың жайы жақсы болуға тиіс, — деді.

Бірақ секретарь жолдас озат колхоздардың партия ұйымдары табысқа қалай жетіп отырғаны, олардағы саяси үгіттің әсерлілігі жөнінде жұмған аузын аша алмады. Тіпті ол әңгіменің соңында:

— «Северный берег» колхозына барғандарымен саяси жұмыстың тәжірибесінен ештеңе таба алмасыңдар, — дегенді айттып, өзінің бастапқы пікіріне өзі қарсы шықты.

— Василий Алексеевич, жұрт Сарыарқа МТС-інде «Бригада күні» бар дегенді айтып жүр. Осы осы жөнінде естідіңіз бе? — деп Тілеужанов секретарьына көмектескенің болды. Бірақ секретарьдың бұдан да сәетінің шамалы екен.

— Я ... И ... солай дейді, міне жаңалық!... Соңда барыңыздар!

Секретарь мен бөлім меңгерушісінің саяси жұмыстың жайын бұлай жорамалдауы кездейсоқ мәселе емес екен. Аудандық комитетте үгіт коллективтері мен саяси байлдамашылар тобының жұмыс тәжірибелері қорытылып, жалпының игілігіне айналдырылмайтын болған. Үстіміздегі жылы аудандық комитеттің бюро мәжілісінде саяси жұмыстың тәжірибелері жөнінде бірде-бір мәселе қаралмағаны. Үгіт коллективтері мен жеке үгітшілердің жұмыс тәжірибелерін насихаттайтын материалдары аудандық партия комитетінің кітапханасынан да іздеп таба алмайбын.

Рас, аудандық комитет август айында үгітшілердің мұстақалық семинарларын өткізіпті. Бірақ мұның өзі де сәтсіз, үсірт өткен. Бұл семинарға 700-ден астам колхоз үгітшілерінен небары 95 адам ғана келген. Алайда 600-ден астам үгітші-

оны дауыстап оқып берумен ғана тынса, тіпті кейбіреулері мұны да істемейді. Біз көрген мұғалім Ыбраев жолдас өзі үгітшімін деп санайды, бірақ ол егіншілерге әлі ешқандай саяси бағалар жасай алмай жүр. Ол бригадала кейде құралақан келуден де тайынатын кісі емес.

Трактор бригадасының вагонысында бұдан жарты ай бұрын шығарылған жауынгерлік дыстантан басқа үгіт-бұқаралық жұмысқа арналған ештеңе көре алмадық. Колхозшылар жұмысты 7—8 километр жердегі үйлерінен келіп істейді. Олар үшін мәдени қос ұйымдастырылмаған. Тракторшылар мен комбайншылар арасында еңбек тәртібі әсіз.

Трактор бригадасының бригадирі Дақо жолдас жұмыстың шын жайын білмейді. Ол комбайншы Пастушенко жолдасы біз бригадала болған күні жұмыс істеп жүр деп өсетейді екен. Ал Пастушенко жолдас ол күні комбайнды егіс даласына тастап, бір тәулік бойы Трудовое селосына қыдырып кеткен. Бригададағы комбайндардың жүруінен тұруы көп. Бір күні мұнда 7 комбайннан небары екі-ақ комбайн жұмыс істеді. Бірақ осы және басқа кемшіліктерді жою туралы көпшілік пікірін ұйымдастыратын басшыларды көру қиын. Бригадада колхоз партия ұйымының секретары Қасымов және аудандық комитеттің МТС аймағы жөніндегі секретары Павленко жолдастар жиі болғанмен, саяси үгіттің алын күшін астық үшін жүрекке пайдалана алмай жүр.

Осы сыяқты кемшілікке «Араларған» колхозының партия ұйымы да ортақ.

— Үгітшілеріміз бригадалар мен фермаларда жиі болады, әңгімелерін мазмұнды өткізеді, — дегенде, колхоз партия ұйымының секретары Сейткереев жолдас мүлдем шімірлікпейді екен.

Сейткереевтің мақтаулы үгітшілерінің бірі О. Рабдуллин жолдас болып шықты. Бірақ ол бекітілген үлесті — № 1 егіс бригадасында бір апта бойы болмапты. Сондықтан оның бригадалағы жағдайды білмеуіне таңданбаса да болады.

— Бригадада соңғы бір болғанымда, — деді Рабдуллин жолдас, — қосқа бір-екі ұран апарып іздім. «Үгітші блоготынан» техниканы пайдалану жөнінде мақала оқып бердім.

Рабдуллин бригада өмірін жақсы білмейтінін өзі де мойындайды. Олай болса, оның әңгімелерінің әсері жөнінде қандай сөз болуы мүмкін!

Мұндай фактілер некен-саяқ емес. «Болос», «Новый быт» ауылшаруашылық артельдерінде де үгітшілердің мол-

бригадада өткізген өндірістік кеңестерін жүргізілген саяси жұмыс ретінде белше ұстайды.

Ауданның МТС-терінде социалистік жарыстық жариялылығы тек он күнде бір рет шығатын бюллетеньдер арқылы ғана ұйымдастырылған.


— Өткен онкүндікте МТС бойынша төртінші орында едік. Көзір нешінші орында екенімізді білмейміз, — дейді Шағыл МТС-індегі № 14 трактор бригадасының механизаторлары.

Бір бригаданың артта қалып көпшілі тудан айырылып қалуы, екінші бригаданың озып шығып туды жеңіп алуы механизаторлардың өміріндегі елеулі оқиға. Ал Шағыл МТС-нің басшылары бұл жұмысқа немісетті қарайды. Жасында жұмысшылар комитетінің председатели Белодед № 13 трактор бригадасынан механизаторлармен әңгімелеспей «соңғы онкүндікте артта қалып қойдыңдар» деп туды алып кеткен. Мұның өзі Белодед жолдасының ұйымдастыру ісіне кеңіл бермей, бригадаларға ту тасушы ролінде жүретіндігін көрсетеді. Партия ұйымының секретары Камалиев жолдас та бригадалардан ту алу үшін механизаторлармен кеңесудің қажеті қанша дегенді айтып, Белодедті қуаттайды.

Бұқара арасындағы жұмыстың саяси бағалама сыяқты маңызды түрі тек колхоздар мен совхоздардың орталығында ғана ұйымдастырылады. Алысқағы мал жайылымдарында бұқаралық саяси жұмыс жоқтың қасы. «Путь к коммунизму», «По беда» колхоздарының, Шағыл астық совхозының жайылымдарында мал өсірушілердің жыл бойы басшы қызметкерлердің саяси бағнамаларын тыңдамауына, мұнда жылжымалы киноконцерттер арқылы еш уақытта келмеуіне қалай түзуге болады? Соңғы күндердің бірінде киномеханик Решетняк «Араларған» колхозына келді. Ол колхоз басқармасының тілегімен санжыпай, екі күндегі колхоз орталығында жүрді. Егіс бригадасындағы колхозшылар мен механизаторлар киноны бригадала емес, ауылға келіп көруге мәжбүр болды.

НҮСҚАУШЫЛАР ҮКІЛ БОЛЫП ОТЫР

Аудандық партия комитеті бұқаралық-саяси жұмысты әлсіретіп, барлық жұмысты тек үкілдер арқылы тындырмақ болып отыр. Басқа активтерді айыптанғанда, аудандық партия комитетінің МТС аймағы жөніндегі қызметкерлері, МТС баспауыш партия ұйымдарының секретарьлары партиялық-саяси жұмысқа басшылықтан қол үзген. Олар бір-бірден әрбір колхозға үкілдікке жіберіледі. Мәселен, нұсқаушылар Войтехов, — Сталин



Оңтүстік Қазақстан облысы. Жергілікті кәсіпшілік артельдерінің инициативасы бойынша Шаян ауданындағы тың жерлерде ұйымдастырылған жаңа астық совхоздарына ер және әйелдер көйлектерін тігуге заказ алу үшін арнаулы киім пішішілер бригадасы жүріп кетті. Бұл бригада совхоз қызметкерлерінен көптеген заказдар қабылдады. СҮРЕТТЕ: Бригада мүшелері Жамбыл атындағы астық совхозында киім тігуге заказдар қабылдап тұр.

(ТАСС-тың фотохроникасы).

Оқушылардың политехникалық даярлығын жақсарту берейік

Үстіміздегі оқу жылында совет мектептері алдында әрі күрделі, әрі жауапты міндетті шешу, демек, оқушыларға политехникалық білім беруді жаңа талапқа сай жүргізу міндеті тұр. Осы міндетті негізге ала отырып, Қазақ ССР Оқу министрлігі бастауыш, жетіжылдық және орта мектептер үшін жаңа оқу жоспарлар қабылдады. Бұл жоспарды қабылдаудағы негізгі мақсат — оқушыларға ғылым негіздерінде жүйелі, берік білім беру.

Үстіміздегі оқу жылынан бастап химия, физика, биология, математика, сызу сабақтарының сағат саны көбейтілді. Лабораториялық және тәжірибе жұмыстары мен өндірістік экскурсиялар өткізу үшін де көп уақыт беріліп отыр.

Үстіміздегі оқу жылында совет мектептері алдында әрі күрделі, әрі жауапты міндетті шешу, демек, оқушыларға политехникалық білім беруді жаңа талапқа сай жүргізу міндеті тұр. Осы міндетті негізге ала отырып, Қазақ ССР Оқу министрлігі бастауыш, жетіжылдық және орта мектептер үшін жаңа оқу жоспарлар қабылдады. Бұл жоспарды қабылдаудағы негізгі мақсат — оқушыларға ғылым негіздерінде жүйелі, берік білім беру.

Барлық ауданда өткізілген август мәслихатында мектептердің жаңа оқу жоспарына көшуі жөнінде арнаулы мәселе қаралды. Мәслихаттан кейін оқу бөлімдері мен мұғалімдер коллективі политехникалық оқуға мектептердің оқу-материалдық базаларын лайықтау жолында көп жұмыстар атқарды. Қысқа мерзімде облыстың 22 орта, 58 жетіжылдық мектебінде оқу мастерскойлары ұйымдастырылды. Мұндай игілікті бастамалар Преснов, Ленин, Приешім аудандарының мектептерінде кең өріс алып отыр.

Кейбір мектептерде оқу-тәрбие жұмысынан барлық талаптарына жауап бере

Редакцияға хат

Мен орта мектепті қалай бітірдім?

Бұл күндері сырттан оқитын облыстық орта мектеп VII-X-класстарға оқушылар қабылдап жатыр. Онда оқуға өтініш бергендердің көпшілігі қала жастары. Ал облыс аудандарынан, әсіресе, жаңа совхоздардан орта мектепте сырттан оқуға тілек білдіруші жастардың саны тым аз.

Бұл немістен? Бірақтар ауыл-село жастары өндірістен қол үзбей оқуға қиынсынады. Сөйтіп, қиыншылыққа бой ұрады, оны жеңуге талаптанбайды. Кейбір жастар сырттан оқитын орта мектепке түзкенімен алғашқы кездескен болмашы кедергілерге тазбей, мектепті тастап кетеді.

Өндірістен қол үзбей оқыған жастардың біраз қиыншылықтарға тап болатыны да рас. Өйткені олардың көпшілігі мектептің төменгі кластарын өртерек бітіргендіктен біраз материалдарды ұмытып қалуы мүмкін. Әсіресе, тіл, математика пәндерін меңгеріп кету оңайлыққа түспейді. Міне, осыдан барып, кейбір жастар оқудың, ізденудің, сөйтіп, программалық материалды меңгеруге талаптанудың орнына, сабақтан қол үзеді. Мен осы сыяқты жастармен пікірлескенім.

Маған жасым ұлғайған кезде оқуға тұра келді. 1951 жылы 52 жасымда сырттан оқитын орта мектептің VII-классына оқуға түстім. Жасыратыны жоқ, маған бірталай қиыншылықтар да кездесті. Оқу программасындағы көптеген материалдар тіпті маған түсініксіз болды. Оның үстіне көздің нашар көруі себепті, тақтада шығарылған есептерді де дұрыс жазып ала алмайтынмын. Өткенді қанша еске түсіріп, оқулықтарды қанша қадалып оқысам да, кей жағдайда, осының өзі еш нәтиже бермеді. Кейде бұл қиыншылықты жеңу менің шамамнан келмес деген ойға келіп, талай рет мектепті тастап кетуге де ынғайластым. Үлкен талаппен оқуға түсіп, кейін қол үзу оған қиын. Өйткені бір істі бастап, аяқсыз қалдыру дәрменсіздік қой. Аяғыры қайткен күнде де оқып, көмелеттік аттестат алуға бел байлардым.

Өз бетіммен оқу, танырманы орындау қиын болған соң оқытушыдан көмек сұрадым. Оқытушылар шыдамдылықпен оқытты, үйретті, өткен материалды қайтесе тезірек меңгерудің жолын үйретті. Өзім де табандылықпен, үзбей оқыдым. Алғашқы кездескен қиыншылықтардан бірте-бірте алынақтап, программалық материалдарды айтарлықтай меңгере бастадым. Оқытушылар көмегіне сүйене отырып, өзіме көп талап қойып, табандылықпен, үзбей оқуымның арқасында былай орта мектепті бітіріп, көмелеттік аттестат алып шықтым.

Бір келеті білім...

шның семинардан тыс қалуы, сөйтіп, олардың саяси үгітін түрлері мен әдістері жөнінде кеңес-нұсқау ала алмаулары аудандық комитеттегілерді ойландырмайты.

Саяси баяндамашылар тобы жөнінде де осыны айту керек. Топ жұмысымен таныса калсаң, бірқатар басшы қызметкерлердің тізімде формальды есептелетінін, ал аудандық комитеттің олардан жұмысты талап етпейтінін бірден-ақ байқайсың. Аудандық комсомол комитетінің бірінші секретары Клонов, Шағлы МТС-нің директоры Филиппов, дайындау министрінің оң аудандық уәкілі Бөсеттеміров, аудандық байланыс бөлімі мекемесінің бастығы Кенжебаев жолдастар жыл бойы еңбекшілер алдында бірде-бір саяси баяндама жасамаған. Солай бола тұрса да, олардың төзгісіз қылықтары өскерусіз қалып келе жатқан көрінеді.

Аудандық комитеттегі жағдай міне осындай. Ал колхоздар мен совхоздарда болғанда, аудандық комитеттің саяси жұмысқа мән бермейтіні бұдан да гөрі айқындала түсті.

БРИГАДАЛАР МЕН ФЕРМАЛАРДА

Совет МТС-нің № 5 трактор бригадасы Молотов атындағы колхоздың № 2 егіс бригадасымен бірлесіп жұмыс істейді. Мұндағы тракторшылар да, колхозшылар да былайдай үгітші дегенді көрмейсің. Бригададағылар егін жыйнау мен астық дайындау басталғалы саяси тақырыпта әңгімелер де естіген емес.

—Аудандан келген мұғалімдер кейде газет әкеліп жүретін. Үгітші дегеніңіз солар шығар, — дейді колхозшылардың бірі.

—Е, сондай үгітші бола ма екен, газетті мен де әкеліп жүрмін. Еліміздегі жаңалықтар мен колхоз өндірісі туралы қызықты әңгімелер неге еткізбейді екен, — дейді екінші біреулері.

Колхозшылар дұрыс айтады. Ауыл мұғалімдері бригадала келгенде газет әкеліп,

нағнан Аташ айту керек, кейбір партия ұйымдарының секретарылары саяси-үгіт жөнінде өздерінің теріс пікірлерінің шырмауынан шыға алмай жүр.

—Көзір бұқаралық-саяси жұмыспен машақаттанатын уақыт емес, оны егін жыйнау аяқталғаннан кейін жөрерміз, — дейді «Голос» колхозы партия ұйымының секретары Нұрақметов. Бұлай деп саяси басшы емес, тек тоғызшарлар ғана айтады.

Аудан басшыларының «Аманкелді атындағы колхозда саяси жұмыстың жайы жамаң емес» деген болжауларының сыры мынада екен: колхоз — егін жыйнау мен мемлекетке астық тасыруда басқалардан алда келе жатқандардың бірі. Бірақ бұл табыс саяси жұмыстың перменді жүргізілуіне дәлел бола алмайды. Егер колхоз қырмандағы мен егіс бригадаларында оқу үйінің меңгерушісінен басқа ешкім болмаса, мұндағы саяси жұмыстардың жайы туралы не айтуға болады. Колхоздың радио торабы екі айдан бері жұмыс істемейді. Оқу үйіндегі көрнекі үгітті, әдеби кітаптарды шаң басқан. Колхоздың «Алға» атты қабырға газетінің шықпағанына екі айдан астам уақыт өткен. Аудандық комитеттегілердің саяси жұмысты сырттай бағалауларының «жөмеі» осындай.

Бодров жолдастың ұсынуы бойынша, біз Саратов МТС-інде де болдық. Рас, мұнда «Бригада күні» № 1 және № 12 трактор бригадаларында енгізіле басталды. Мұның өзі тиісті нәтижесін де берген сияқты. Бірақ саяси жұмыстың мұндай жаңа түрі басқа бригадаларда негізден жүргізілмей отыр? Бұл заңды сұраққа кім жауап бермек? № 5 трактор бригадасындағы механизаторлардың газет ақыш, радио тыңдамағандарына екі-үш ай болғай. Аудандық партия комитетінің МТС аймағы жөніндегі секретары Сәдуаев жолдас МТС директоры Мақаровтың, бас агроном Кузнецовтың осы

атындағы колхозда, Мұстафин — Аманкелді атындағы колхозда, Уәлиева — «Арал-ағаш» колхозында егін жыйнау жұмыстары аяқталғанша ешқандай шықпастан уәкіл болып отыру жөнінде аудандық комитеттен арнаулы нұсқау алған.

—15 сентябрь күні аудандық комитеттің бірінші секретары Сержунов жолдас маған сені жаңа қызметіңмен құттықтаймын, үмітсіз, басқа колхоздарға барма деді, — деп мәлімдеді бізге нұсқаушы Мұстафин жолдас. Бұл нұсқаушының басқа колхоздарда партиялық-саяси жұмыстың жайы жөнінде ешбір хабары жоқ. Бір айдан бері ол бір колхозда отырған соң, басқа колхоздардағы партия ұйымының жайын қайдан білсін. Бірақ Мұстафин жолдастың өзі бір айдан бері отырған Аманкелді атындағы колхозда да бұқаралық-саяси жұмыстың ойдағыдай ұйымдастырылмауына қатты қынжыламыз.

Жұмыстың бұл етілі нұсқаушы Уәлиева жолдасқа да тән.

—Аудандық комитеттің секретарылары колхоздарда болғанда бізден саяси жұмыстың жайын талап етпеген соң саладесіп кеткеніміз рас, — дейді Уәлиева. Мұның шыңдығы бар. Аудандық комитеттің секретарылары колхоздарда болғанда нұсқаушылардан шаруашылық жұмыстың жайы жөнінде ақпарат алып кете барады, бұқараны өндіріске ұйымдастырудың түрлері мен әдістері туралы оларға кеңес-нұсқау бермейді.

Жоғарыда айтылғандардан шығатын қорытынды сол — аудандық комитеттегілер саяси жұмысты бәсеңдету арқылы шаруашылықта табысқа жетуге тырысады. Мұндай жағдайда шаруашылық саласындағы табыстар құмға салынған құрылыстай болып шығатынын олар өскермейді. Аудан экономикасының артта қалуының негізгі бір себебі осы болса керек.

М. НҮРҒОЖИН,
Арнаулы тілшіміз.

Тиімді, үлгілі шаруашылық үшін

Чистов астық совхозының партия ұйымы тиімді, үлгілі шаруашылық үшін кең көлемде күрес жүргізуде. Партия ұйымының құрамындағы 73 коммунисттің бәрі де егіншілік пен мал шаруашылығының жауапты салаларында жұмыс істеп, өздерінің еңбектері үлгілермен совхоз жұмысшыларының белсенділігін арттырып келеді.

Партия ұйымы егін жыйнау, мемлекетке астық тасыру жұмыстарын ойдағыдай өткізу мақсатымен комбайн агрегаттарына, астық қырмандарына 26 коммунист жіберді. Олар трактор бригадаларының бригадирлері, тракторшы, комбайншы, шофер болып істейді. Егіншілердің социалистік жарысының барысы жеке жұмысшылар арасында күш сайын, бригадалар арасында апта сайын төңкеріліс, оның қорытындылары көр-

сеткіш тақталарында, үгітшілердің әңгімелерінде, жауынгерлік листовкаларда жарияланып отырады. Осының арқасында совхоз егін жыйнау жұмысын таяудағы күндерге аяқтағалы отыр.

Жүгері өсіруде коммунистер басқарған эвенолар айтарлықтай табыстарға ие болды. Коммунистер Мищенко, Терехов жолдастардың эвенолары жүгерінің әрбір гектарына 120 центнерден өнім жыйнады.

Совхоз партия ұйымы мал шаруашылығының жайына зор назар аударып келеді. Фермаларда 15 коммунист бригадир, мал бағушы, шопаң болып істейді. Партия ұйымының инициативасы бойынша мал шаруашылығы озаттарының тәжірибелері насихатталады. Мәселен, Букилодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысушылар № 4 бөлімшенің сауын-

шысы Кийко сүт сауудың озат әдістері жөнінде, бұзау өсіруші Кондратова өзінің бұзау күту жөніндегі тәжірибелері туралы мал өсірушілер үшін әңгімелер өткізеді.

Мал шаруашылығының ойдағыдай өркендеуі жемістің берік базасы жасалуына тікелей байланысты екені мәлім. Осыны өскеріп, совхоз мал азығын дайындау жұмыстарын қызу жүргізуде. Мұнда мал азығын дайындау жөніндегі жоспар 80 проценттен астам орындалды. 1012 гектар жүгерінің әрбір гектарынан орта есеппен 100 центнерден өнім жыйналып, мал азығы үшін сүрленді. Совхоз партия ұйымы коллективті партияның XX съезін жаңа табыстармен қарсы алу жолындағы күреске жұмысшылар берді.

В. ИВАНОВА.

алатын өте жақсы жабықталған оқу мастерскойлары жұмыс істей бастады. Мамлют орта мектебінің мұғалімдері мен Ауыл шаруашылығы министрінің Мамлют механикалық-жөндеу зауытының жұмысшылары Мамлют орта мектебі үшін толық жабықталған, ағаш және темір әңдейтін 40 жұмыс орны бар мастерской ұйымдастырды. Зауод коллективті мектепке металл жонатын, ағаш сүргілейтін станок беріп, электр станциясын орнатты.

Возвышен совхозы коллективінің көмегі арқасында Возвышен орта мектебі жаңында да мастерской ұйымдастырылды. Бұл мектепке совхоз 4 станок, 2 электромотор, сонымен қатар металл жұмыстарына ең қажетті ұсақ саймандар берді. Мектеп мастерскойы совхоздан 10 мың сомның түрлі жабықтарын алды.

Мастерскойлар ұйымдастыру ісі қала мектептерінде де кең өрістетіліп отыр. Қала мектептері үшін 200 ұсталық аспаптар комплексі алынған болатын. Көзір мектептерге станоктар, түрлі қажетті жабықтар беру ісіне қала өнеркәсіп орындары қызу қатысула.

Бірақ Октябрь, Подулин, Кониюхов, аудандарының мектептерінде бұл жұмыстарды ұйымдастыру әлі басталған жоқ. Бұл аудандардың оқу бөлімдері мен мектеп басшыларының қолда бар мүмкіншіліктерді мастерскойлар ұйымдастыруға пайдалана алмай отырғандығын атап айту керек. Карақоға, Октябрь, Дубровное, Беловск, Ольгинка, Марьевка орта мектептерінің басшылары мен мұғалімдер коллективі өздері тұрған мектептерде МТС-пер бола тұрса да, осы күнге дейін мектеп мастерскойын ұйымдастыра алмай отыр.

Айта кету керек, кейбір өнеркәсіп орындары мен МТС-тердің, совхоздардың басшылары жұмысқа пайдаланылмай жатқан, бірақ политехникалық оқу мақсаттарын жүзеге асыру үшін пайдалануға толық жарамды станоктарды, электромоторларды, ұсталық саймандарды, лабораториялық аспаптарды мектептерге беру ісінен өздерін аулақ ұстайды. Бұл маңызды істі ұйым-

Мектептердің бастауыш класстарында қол еңбегі сабақтарын, 5—7 класстарда өткізілетін тәжірибе сабақтарын және 8—10 класстарда өткізілетін жаттығу сабақтарын жаңа оқу жоспарына сәйкес жүргізу — оқушылардың политехникалық даярлығын жақсартыды. Оқу бөлімдері мен мектеп басшылары және мұғалімдер коллективі политехникалық оқуды жүзеге асыруға қажетті материалдық базаларды жасау бұкіл социалистік экономиканы өркендете берудің негізі болып табылатын ауыр индустрияны онан әрі дамытып, жоғары техникаға сүйенген бүкіл халық шаруашылығын өрге бастырудың аса күрделі міндеттері мен политехникалық білім беруді ұштастыра жүргізу мектептердегі оқу тәрбиі жұмысының негізгі бағыты болып есептелетінін өскеруге тиіс.

Онжылдық мектепті бітірушілердің өнеркәсіптеріміз үшін зор бағалы күш екендігі туралы КОЕП Орталық Комитетінің иялы Пленумында айтылған болатын. Сондықтан біздің мектептеріміз оқушылардың политехникалық дайындықтарын жақсартуға беру үшін алдыңғы қатарлы мектептердің іс тәжірибелерін үйреніп отырып, қол еңбегі сабағын, оқу мастерскойларындағы практикалық жұмыстар мен жоғары класстардағы практикұмдарды жаңа оқу жоспары талаптарына сәйкес ұйымдастырулары қажет.

Біздің кейбір мектептеріміздің басшылары ойдағындай, политехникалық оқуды өткізу үшін қажетті жабықтар мен материалдар «жоғарыдан наряд бойынша келеді» деп тосып отырмау керек, қайта жергілікті мүмкіншіліктерді барынша толық пайдалану жағын қарастырған жөн. Оқушылардың политехникалық оқуының жоғары дәрежеде өтуі оқушылардың күнделікті сабақтарына мұқият әзірленуіне, әрбір сабақты ғылым анықтамаларына толық сәйкес келетін мысалдармен, тәжірибе жұмыстарымен байланыстырып отыруына байланысты.

А. ЩЕРБАКОВ,
Облыстық оқу бөлімінің меңгерушісі.

МОЛ ТАБЫС

Преснов ауданының колхоздары былай біткі егін өсірді. Бірқатар колхоздар мемлекетке астық тасыру жоспарын мерзімінен бұрын орындап, колхозшыларға авансқа астық бөлді. «Победа» колхозының колхозшысы И. Ақстың семьясы еңбеккүнге 100 пұттан астық алды. Сондай-ақ Киров атындағы колхоздың колхозшылары К. Балапанов, Ф. Майснер және

басқа колхозшылар да 100 пұтқа жуық астық алды.

Колхозшылар алдан мол табыс олардың материалдық әл-ауқатын онан сайын жақсартуға, сатып алу қабілетін арттыруға мүмкіндік беруде. Аталған колхоздар таяуда еңбеккүнге тағы да астық бөлмек.

Б. РАМАЗАНОВ.

Жаңа магазин

Совет аудандық тұтынушылар одағы аудан еңбекшілерінің тұтыну талаптарын барынша қанағаттандыру мақсатымен, 1955 жылы жаңадан тағы бір магазин ашуды ұйғарған еді. Жақында шлакобетоннан салынған магазин үйінің құрылы-

сы толық аяқталып, пайдалануға берілді. Сауда жүргізіле басталған алғашқы екі күнде мұнда 32 мың сомның азық-түлік товарлары сатылды. Жаңа магазиннің арнаулы екі бөлімі, азық-түлік қоймасы бар.

С. НАУМОВ,

ішыншылық артта қалды. Енді менің өнім әрі оқуыма мүмкіндігім бар.

Жастарды қызындықтан қорықпай, сырттан оқытатын орта мектепке бағыл түсіп, орта білім алып шығуға шақырамын.

Г. КАРТАШОВ,
Қарт қызметкер.

ЕСКЕРЕТІН ІС

Біздің колхоз быйыл 6 мың гектар егін өсірді. Оның сабанын толық жыйнап алу колхоз малы үшін тағы да мыңдаған центнер мал азығын дайындауға, сөйтіп жеміш қорын толықтыра түсуге мүмкіндік береді. Амал не, колхоз басқармасы, оның председатели Ахметов жолдас мал азығының бұл маңызды резервіне жыл сайын көңіл бөлмей келеді. Өткен жылы сабан мүлдем жыйналмай, жер жыртқан кезде жүйділігі жіберілді. Ал колхоз жеміштен көп тапшылық көрді.

Колхоз басшылары бұл жағдай үстіміздегі жылы да қайталап отыр. Әлі күнге дейін бір гектар аланның сабаны жыйналып, үйілетен жоқ. Шашылып қалған сабан қызып, өзінің сапасын жоюда. Колхоз басшыларының бұл маңызды істі дереу қолға алуды ұйымдастырғандары жөн ғой дейміз.

Қ. СЫРЛЫБАЕВ,

Совет ауданы, «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының колхозшысы.

„Жоққа жүйрік жете ме?“

«Еңбек» колхозына кино келсе болды-ақ, орта мектеп жанындағы интернатта тәрбиеленушілер абыр-сабыр болады. Бірі төсек-орындарды жыйнастырып, бір бөлмеге үйіп жатса, енді біреулері шағын залға орындықтар тасыйды. Ал кешке таман орындықтарын арқалай, интернат үйіне қарай ағылған колхозшыларды көресіз. Олардың барлығы да тым асырыс-ақ. Алға озып бара жатқандары болса, артта қалғандары:

—Маған да бір орын қарастырарсың, — деп талсырысады. Бірақ ол қайдан қарастырып, өзіне орын талса жақсы, тапшаса есіктен сығалап үйіне қайтады.

Интернат залында кино көрсетіліп жатқан кездегі оқушылардың халі тіпті аяншыты. Отырып сабақ оқып десе орындық жоқ, ал жұрттың у-шұғы ұйқы да бермейді. Сонымен олар түпті сатат он екі, бірге дейін босқа сенделіседі. Мұны байқап, алушылық білдірген кейбір колхозшылар:

—Клуб болса, мазаламас едік сендерді. Қайтейік, жоққа жүйрік жете ме? — деп бастарын шайқайды.

Ал колхоз председатели Үмітбаев ше? Ол үстіміздегі жылдың басында колхозшылар жыйналысы қабылдаған «Клуб салынсын» деген қаулыны ғана көңіліне төң санап жүр.

Қ. ҒАЛИЕВ,
Ленин ауданы.

Мал өсірсен, сыйыр бақ—құт кетпейді қорадан, май кетпейді шарадан

Облыс аудандары мен МТС-тері және колхоздары бойынша 1955 жылдың 1 сеп­тябріне дейін әрбір сыйырдан алынған сүт

Аудан, МТС, колхоз аттары	1954 жылдың 1-октябрінен үстіміздегі жылдың 1-сентябріне дейін әрбір сауын сыйырдан сауылған сүт (литр есебімен)	Аудан, МТС, колхоз аттары	1954 жылдың 1-октябрінен үстіміздегі жылдың 1-сентябріне дейін әрбір сауын сыйырдан сауылған сүт (литр есебімен)	Аудан, МТС, колхоз аттары	1954 жылдың 1-октябрінен үстіміздегі жылдың 1-сентябріне дейін әрбір сауын сыйырдан сауылған сүт (литр есебімен)
«Гигант» колхозы	1293	Ворошилов атындағы	874	«Жизнь»	1202
Буденный атындағы	1324	Маленков атындағы	883	«Баян»	1058
«Страна Советов»	1233	Калинин атындағы	951	Киров атындағы	1489
Сталин атындағы	1013	Буйбышев атындағы	779	«Трудовой гурток»	1296
Ленин атындағы	1076	Ленин атындағы	680	Баян МТС-і бойынша	1271
«Новый путь»	1168	Чапаев МТС-і бойынша	854	«Красное знамя» колхозы	1104
Коминтерн	1422	Мамлют ауданы бойынша	1007	«Путь к коммунизму»	1225
Булаев МТС-і бойынша	1227	«Трудовик» колхозы	1025	Жданов атындағы	786
Калинин атындағы колхоз	1101	«Путь коммунизма»	1045	Николаев МТС-і бойынша	1056
«Вторая пятилетка»	1369	«Интернационал»	1292	Молотов атындағы	1160
Стаханов атындағы	1350	«Дружина»	947	«Организованный труд»	1410
Берд Маркс атындағы	1186	Чапаев атындағы	1109	Чапаев атындағы	1055
«Победа»	1401	«Победа»	930	Калинин атындағы	947
«Красное знамя»	1271	Нововалов МТС-і бойынша	1033	Аманжолді атындағы	584
Калинин МТС-і бойынша	1270	«Пламя» колхозы	1370	Майбалық МТС-і бойынша	974
Булаев ауданы бойынша	1244	Степан Разин атындағы	1123	Преснов ауданы бойынша	1153
«Қазақстанның 30 жылдығы» колхозы	987	Абай атындағы	812	Буденный атындағы колхоз	979
Ленин атындағы	853	Жамбыл атындағы	845	Каганович атындағы	821
Буйбышев атындағы	978	«Бірлік»	1077	Буйбышев атындағы	904
«Красная крепость»	1372	Семиполь МТС-і бойынша	1048	Приешім МТС-і бойынша	927
«Жаңа тұрмыс»	788	Ленин атындағы	999	«Путь Ленина» колхозы	993
«Большевик»	661	«Қазақстанның 30 жылдығы»	872	«Путь Октября»	1054
«Путь Ильича»	1079	Сталин атындағы	966	«Востандық»	765
«Пролетарское знамя»	997	Калинин атындағы	1107	Хрущев атындағы	1020
Чистян МТС-і бойынша	1104	«Қызылту»	1048	«Новая жизнь»	1072
Мичурин атындағы	1135	Торангүл МТС-і бойынша	980	«Большевик»	854
«Искра»	1261	«Щит» колхозы	1608	Ленин атындағы МТС бойынша	875
«Новый путь»	1251	«Путь Ильича»	911	Киров атындағы колхоз	938
«Голос»	1394	«Заря коммунизма»	822	Калинин атындағы	886
«Путь Ленина»	1201	Киров атындағы	718	«Қазақстанның 30 жылдығы»	748
Каганович атындағы	961	Ерошилов МТС-і бойынша	999	«III-Интернационал»	1161
Молотов атындағы	1176	Октябрь ауданы бойынша	1015	Ворошилов атындағы	1034
Киров атындағы	1229	Сталин атындағы колхоз	1341	«Борьба»	1064
Суворов МТС-і бойынша	1299	«Луч Ленина»	1282	Сталин атындағы	875
Кониюхов ауданы бойынша	1205	Димитров атындағы	1158	Молотов атындағы	1114
«Новый путь» колхозы	1192	Фурманов атындағы	1099	«Зеленая роща»	964
«Путь к социализму»	1611	Жамбыл атындағы	768	«Красные всходы»	620
«Еңбек»	741	Чкалов атындағы	1069	«Непобедимый»	917
Молотов атындағы	1101	Пушкин атындағы	981	Тимирязев атындағы МТС бойынша	903
«Орталық»	829	Петропавл МТС-і бойынша	1179	Приешім ауданы бойынша	899
«Қазақстанның 30 жылдығы»	787	Ворошилов атындағы	1240	«Борьба за коммунизм» колхозы	1095
Образцовая МТС-і бойынша	1068	«Красный пахарь»	1095	Молотов атындағы	864
«Бұлақ» колхозы	766	Киров атындағы	1164	«Көктерек»	1136
«Земледелец»	1098	Буденный атындағы	1098	«Аралташ»	960
«Искра»	1087	«Қазақстанның 30 жылдығы»	1080	Ленин атындағы	1100
Киров атындағы	1218	Калинин атындағы	1204	«Совет»	1037
Берд Либкнехт атындағы	897	Асанов МТС-і бойынша	1139	«Игілік»	1095
«Красный сибиряк»	1329	Петропавл ауданы бойынша	1263	Совет МТС-і бойынша	988
«1—май»	1225	Сталин атындағы колхоз	1009	«Красное поле» колхозы	1209
«Спартак»	933				



11 айда 2.384 литр сүт

Чистов совхозының мал өсірушілері мал басын көбейтіп, оның өнімділігін арттыру үшін күресуде. Осындай игі жұмыста жақсы көрсеткіштерге жетіп жүргендердің бірі—сауыншы А. Титова. Оның қарамағында 15 сауын сыйыр бар. Ол өткен шаруашылық жылының 11 айы ішінде әрбір сауын сыйырдан 2 мың 384 литр сүт сауды. Ал совхоз бойынша осы мерзім ішінде орта есеппен әр сыйырдан 1870 литр сүт сауылды.

Озат сауыншы бйыл Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне барып қайтты. Ол көрмедегі алдыңғы қатарлы сауыншылардың іс тәжірибелерін зерттеп, көзір оны өзінің күнбе-күнгі жұмысына пайдалануда және басқаларға да үйретуде.

Т. ЕЛЕМЕСОВ.



Міндеттеме орындалды

Октябрь совхозының жолдас басқаратын комсомол-жастар бригадасы да еңбек қарқынын барған сайын өрістете түсулі. Бригада жұмсақ жерге айналдырғанда 6 мың гектардың орнына, 6177 гектар жер жырты. 11 мың 992 килограмм жанар, жағар майларын үнемдеді.

Бұл күндері совхоз механизаторлары партияның XX съезі құрметіндегі социалистік жарысқа ұштасып, еңбек өнімділігін арттыра түсуде.

К. ДӘКЕНОВ.


Кітапхана қызметкерлерінің курсы

Облыстық мәдениет басқармасы облыстық кітапхананың жанынан кітапхана қызметкерлерінің бір айлық курсы ұйымдастырған болатын. Бұл курсты таяуда облыс аудандарының 25 кітапхана қызметкерлері бітіріп шықты.

Курс тыңдаушылары арнаулы пәндерді өтумен бірге СОКП Орталық Комитеті Пленумдарының қаулылары жөнінде, халықаралық жағдай туралы және басқа тақырыптарда лекциялар тыңдады. Колесниченко (Полудин ауданы), Васильева (Кониюхов ауданы) және Овсянникова (Октябрь ауданы) курсты өте жақсы деген бағалармен бітіріп шықты.

Көзір бір айлық курсты бітірген кітапхана қызметкерлері облысымыздың ауыл-селоларының кітапханаларына барып, іске кірісе бастады.

А. ЛУЧНИКОВА, Облыстық кітапхананың меңгерушісі.



Петропавл ауданындағы Димитров атындағы колхозда бесжарым гектар алаңға азықтық сөбіз егілген болатын. Колхоз одан мол өнім алды.

СУРЕТТЕ: овош зеносының бастығы А. Черепанова жолдастың сөбіз жыйнап жүрген кезі.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Жылжымалы кітапхана

Облыстық кітапхана ұйымдастырған автомобильге орналастырылған кітапхана Октябрь ауданындағы жаңа совхоздардың еңбекшілерін мәдениетті қамтуда. Кітапхана меңгерушісі Зоя Карабашова жаңа совхоздарда жылжымалы кітапхана ұйымдастыруға көмектесуде. Мұнымен бірге, ол совхоз кітапханаларының меңгерушілеріне практикалық көмек көрсетіп жүр.

Облыстық кітапхана осы кітапхана арқылы совхоз кітапханаларына көптеген әртүрлі әдебиеттер жөнелтті. Бұл күндері жаңа совхоздардың кітапханалары жаңа әдебиеттермен толықтырылып, олардағы тұрақты кітап оқушылардың саны барған сайын көбейе түсулі.

А. ЫБРАЕВА.

Колхоз клубы

«Советский»	1055
«Тропинка Пльича»	1186
«Мир»	899
Куйбышев МТС-і бойынша	1040
Сталин атындағы колхоз	1202
Аманкелді атындағы	899
Воровский атындағы	1001
«Бірлік»	868
Калинин атындағы	1296
Ильичев МТС-і бойынша	1015
Ленин атындағы	1193
Буденный атындағы	1039
Ворошилов атындағы	1111
«Память Ильича»	962
«Новая жизнь»	924
Пушкин МТС-і бойынша	1071
Ленин ауданы бойынша	1046
«Заветы Ильича» колхозы	1147
Вильямс атындағы	1322
Чкалов атындағы	1272
Жданов атындағы	1033
Каганович атындағы	1103
«Заря коммунизма»	1192
Интернационал МТС-і бойынша	1181
«Большевик» колхозы	1161
«Зерновая фабрика»	959
«Победа»	1106
Молотов атындағы колхоз	725
«Индустрия»	833
«Память Кирова»	980
Сталин атындағы колхоз	1279
Вильямс МТС-і бойынша	999
Буденный атындағы колхоз	1032

Тельман атындағы	1111
«Красное знамя»	1137
Ворошилов атындағы	1229
Аманкелді атындағы	1052
Чапаев атындағы	1274
«Путь Ильича»	1403
Киров атындағы	1279
Ленин атындағы	1309
Парижская коммуна атындағы	1359
Полудин МТС-і бойынша	1199
Молотов атындағы	921
«Прогресс»	994
Буденный атындағы	1218
«Победа»	1066
«Путь к коммунизму»	855
«Красный Октябрь»	791
«Путь к социализму»	935
«Казахстанның 30 жылдығы»	1025
«Пламя революции»	1378
Ново-Георгиев МТС-і бойынша	1035
Полудин ауданы бойынша	1135
Сталин атындағы колхоз	1441
«Новый свет»	1137
«Прибой»	1099
Матенков атындағы	1297
«Победа»	1519
Хрущев атындағы	1162
Сталин жолы	1074
Ворошилов атындағы	1286
Преснов МТС-і бойынша	1261
«Красный партизан» колхозы	1670
Абай атындағы	1404
Ленин атындағы	1017

«Красный полтавец»	1001
«Казахстанның 30 жылдығы»	755
Сартомар МТС-і бойынша	993
«Победа» колхозы	1066
«Северный берег»	1045
«Путь к коммунизму»	1342
Сталин атындағы	1664
«Колос»	1223
Каганович атындағы	1648
Аманкелді атындағы	1900
Киров атындағы	1020
«Путь 12 лет октября»	1070
Шағлы МТС-і бойынша	1268
Совет ауданы бойынша	1109
Сталин атындағы колхоз	946
Пушкин атындағы	917
«Дозор Ильича»	1115
Ленин атындағы	1196
Казахстан атындағы	1055
«Победа»	1158
Киров атындағы	1063
«Путь Ленина»	965
«Заря коммунизма»	1021
Соколов МТС-і бойынша	1060
Молотов атындағы колхоз	980
Буденный атындағы	1296
Калинин атындағы	1130
«Путь Ильича»	1344
«Красный агроном»	1107
«Путь к коммунизму»	1268
Налобин МТС-і бойынша	1200
Соколов ауданы бойынша	1113

Облыс колхоздары мен совхоздарының мал фермаларында СОКП XX съезінің құрметіндегі социалистік жарыс күннен күнге кең өріс алды. Бұл социалистік жарыс күндерінде, әсіресе, алдыңғы қатарлы сауыншылар үздік табыстарға ие болып келеді. Мәселен, Преснов ауданындағы «Победа» колхозының барлық сауыншылары дерлік сүт өнімін молайту күресінің озаттары болып отыр. М. Кузнецова, Ф. Реклинг, Т. Чепенно және Д. Молокова сыяқты сауыншылар сүт сауу жөніндегі жылдық жоспарды көзінді өзінде артығымен орындап шықты. Бұлардың әрқайсысы өздеріне бекітіліп берілген әрбір сауын сыйырдан 1700—1750 литрден сүт сауды. Ал колхоз бойынша әрбір сыйырдан сауылған сүттің орта мөлшері 1519 литр болып отыр. Мұның өткен жылдағыдан 470 литрі артық. Көзір колхоз сауыншылары съезд құрметіндегі социалистік жарыс туын барған сайын жоғары көтеріп, жыл аяғына дейін әрбір сауын сыйырдан алынатын сүт мөлшерін екі мың литрге жеткізуге жаппай жұмыс істеді.

Әрбір сауын сыйырдан сүтті мол алу жолындағы жарыста Аманкелді атындағы (Совет ауданы) ауылшаруашылық артелінің сауыншылары үздік шығып отыр. Олар колхоз бойынша орташа алғанда әрбір сауын сыйырдан 1900 литрден сүт сауылуын қамтамасыз етіп, колхоздың сүт өнімдері жөнінде мемлекет алдындағы міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындап шығуына қолқабасы тигізді. Көзір бұл колхоз сүт өнімін мемлекетке көтеріңкі бағамен сатып жатыр. Осы колхозбен көршілес Каганович атындағы ауылшаруашылық артелінің сауыншылары да мол

табыс иелері. Олардың ішінде, әсіресе, жас сауыншы Александра Знобьяк жолдас ерекше көзге түсті. Ол әрбір сауын сыйырдан алынған сүт мөлшерін 1700 литрге жеткізуге жуық.

Сүт өнімін молайту жолындағы социалистік жарыста бұл сыяқты үздік табыстарға ие болып жүрген сауыншылар облысымызда көптеп саналады. Осының нәтижесінде Ленин ауданындағы «Путь к социализму» колхозында әрбір сауын сыйырдан 1611 литрден, Конюхов ауданындағы «Красная крепость» колхозында 1372 литрден, Булаев ауданындағы Буденный атындағы колхозда 1324 литрден, Октябрь ауданындағы «Пламя» колхозында 1370 литрден, Преснов ауданының Сталин атындағы колхозында 1441 литрден, осы ауданның «Красный партизан» колхозында 1670 литрден, ал Киров атындағы колхозында 1489 литрден сүт сауылып отыр.

Алайда, облысымызды тұтас алғанда сүт өнімін молайтудың жайы әлі қанағаттанғысыз. Бұл жұмыста, әсіресе, Октябрь және Приешім аудандарының колхоздары артта қалып келеді. Октябрь ауданы тұтас алғанда әрбір сауын сыйырдан сауылған сүт мөлшері 1000 литрден аздап ғана асады. Ауданның Сталин атындағы, «Путь Ильича», «Заря коммунизма» және Киров атындағы колхоздарында әрбір сыйырдан алынған сүт өнімі 718—999 литр ғана болып отыр.

Сүт өнімін молайту күресінде өте мөте артта қалып отырған ауданның бірі—Приешім ауданы. Бұл ауданды тұтас алғанда әрбір сауын сыйырдан алынған сүт 900 литрге де жетпейді. Ауданның «Казахстанның 30 жылды-

ғы», Ленин атындағы, «Бостандық», «Большевик» сыяқты колхоздарында алынған сүт мүлдем мардымсыз.

Жоғарыда аталған аудандарда мал шаруашылығының өнімін арттыру міндеті шын мәнінде ойдағыдай жүзеге асырылмай отыр. Мұның мәнісі мынада: аудандық ұйымдар мен МТС және колхоз басшылары шаруашылық жұмыстарын ұйымдастыруда біржақтылыққа салынады, мал шаруашылығы өнімін еселеп арттырудың резервтерін байқамайды да, іздестірмейді де, әрбір фермадағы, бригададағы, табындағы жайды білмейді. Сондай-ақ олар сауыншылар арасындағы социалистік жарыстың пәрменді де әсерлі ұйымдастырылуына жете мән бермейді. Әрине, бұл айтылғандардың бәрі колхоз мүддесіне де, мемлекет мүддесіне де сай келмейді, қайта бұл мүддеге зор нұқсан келтіреді.

Сентябрь—мал шаруашылығы жылының ең ақырғы, ең шешуші айы. Олай болса, сүт өнімін молайту ісінде кездесіп отырған олқылықтар мен артта қалушылықтарға бұдан әрі титтей де болса төзім болмасқа тиіс. Сондықтан аудан, МТС және колхоз басшылары әрбір сауын сыйырдан алынатын сүт мөлшерін еселеп арттырудың шұғыл шараларын жүзеге асыруы қажет.

Көзір бұл жолдағы аса маңызды шаралардың бірі—сауын сыйырлардың күзгі жайылымды дұрыс ұйымдастыру болып өткен жауындардан кейін мал жайылымдарының шөбі шүйгіндеді, суы молайды. Міне, сауын сыйырлар сондай жайылымдарда күндіз-түні бірдей бағылатын болуы керек. Сауын сыйырларды бағуда жүрген колхозшылардың жауапкершілігін арттыру, қажет болған

жағдайда олардың жұмыстары ынтымақтанып күшейтіп отыру—колхоз басқармалары мен колхоз партия ұйымдарының өздеріне тән ісі.


Колхоздарда мыңдаған гектар егін жыйналды. Егіннің мыңдаған центнер сабағы мен топаны және бастырылған астықтың ұшырындылары бар. Мал шаруашылығы өнімін арттырудың бұл бай резервін толық пайдалану керек.

Көзір колхоздарда картоп пен овоц жыйнала бастады. Овоц сабақтары мен картоп жапырақтарын да сауын сыйырларға ұқсатып беру шараларын жүзеге асыру керек. Бұл үшін қай колхозда болсын техника күші жеткілікті.

Мал шаруашылығының өнімділігін барған сайын молайта беру үшін сауыншылар мен малшылар арасындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетіп, жарыстың неғұрлым әсерлі болуына жетісу керек. Өнімді еселеп арттырған сауыншылардың және малды жайыбағу ісін үлгілі ұйымдастырып отырған озат малшылардың тәжірибелері жұртшылық игілігіне айналдырылатын болсын.

Бірсыпыра сауыншыларымыз бен мал өсірушілеріміз Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінде болып қайтты. Олардың көрмеден көргендері де, үйренгендері де көп. Көрме әсерлерін әрбір колхоздың тиісті жағдайына қарай тиімді қолдана білу—колхоз басшылары мен мал шаруашылығы мамандарының кезек күттірмейтін міндеті.

СОКП XX съезі құрметіндегі социалистік жарысты барған сайын кең өрістетіп отырып, сүт өнімін молайтуда жаңа табыстарға жетейік, сөйтіп, елімізге сүт өнімін еселеп мол беретін болайық!



Тоқшын астық совхозының омартасында көзір 50 ұн бал арасы бар. Выйыл совхоз омартадан 8 центнер бал алды. Суретте: Совхоз омартасында.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Қамқорлық көмек көрсетуде

Қала кәсіпорындары облыс колхоздары мен совхоздарына және МТС-теріне достық, қамқорлық көмекті жылма-жыл аямай көрсетіп келеді. Париж коммунасы атындағы аяқкиім фабрикасы (директоры Валишин, партия ұйымының секретары Бойченко жолдастар) Соколов ауданындағы «Қазақстан» колхозын өз қамқорлықтарына алған еді. Фабрика коллективі бұл колхозға егіс салу, оны күтіп-баптау, жемшоп дайындау маусымдарында жан-жақты көмек көрсетті.

Жақында фабрика коллективі қамқорлыққа алған колхозға көмек көрсету мақсатымен жексенбілік ұйымдастырып, оған студент астам адам қатысты. Олар қырман басында астық тазартуға және жаңадан салынып жатқан астық қоймасының құрылысын аяқтауға айтарлықтай қолқабасы тигізді.

Преснов ауданындағы Калинин атындағы колхозда да осы фабриканың 8 жұмысшысы өзінше тұрақты жұмыс істеп жүр. Олар алғашқы күннен бастап-ақ жоғары өнімді еңбек етіп, колхоздың жаңадан салынып жатқан астық қоймасының құрылысын қысқа мерзімде бітіруге жәрдемдесті.

Сол сыяқты қаладағы аяқкиім фабрикасының 30-дан астам жұмысшы қызметкері және бір жүк машинасы егін жыйнау мен мемлекетке астық тасыру науқаны басталғаннан бері Октябрь ауданында жұмыс істейді. Сентябрь айында фабрика басшылары бұл ауданға тағы да бес жұмысшы жіберді. Айта кететін бір

Зор белсенділік

Облыс өнеркәсіп орындарының жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлерінің жыйналыстары өткізілуде. Оларда алтыншы бесжылдыққа арналған жоспар жасалып, талқыланып жатыр. Коммунистік партияның XX съезі қарсаңында жүздеген жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлері өнім шығаруды молайтуға, оның сапасын жақсартуға, өзіндік күннің кемітуге бағытталған бағалы ұсыныстар енгізуде. А. И. Микоян атындағы ет-қонсорв комбинаты—облысымыздағы ең шұрделі және алдыңғы қатарлы кәсіпорындардың бірі. Соғыс жылдарынан кейінгі уақытта мұнда өндіріс алаңдары ұлғайтылмай-ақ ет өндіруді үш есе,

хоздың (Петропавл ауданы) мүшелері жаңадан клуб салуға 200 мың сом қаржы болген болатын. Көзір колхоз шеберлері 150 орындық клуб үйін салып жатыр. Колхозшылар клубы Ұлы Октябрьдің 38 жылдығы күні—7 ноябрьде пайдалануға берілмек.

Ф. ӘЛІМОВ.

жағдай, өндіріс жұмысшыларының біраз бөлегінің колхоздарға көмекке кетуіне қарамастан фабрикада өнім шығару бұрынғыдан кеміген жоқ. Коллектив адамдары партияның XX съезі құрметіндегі социалистік жарысқа ұштасып, еңбек өнімділігін арттыра түсуде, сол сыяқты өнім сапасын жақсартып, өзіндік құнын арзандатуда.

Ауылшаруашылық қызметкерлеріне қаладағы шойын құю-таразы заводу (директоры Петров, партия ұйымының секретары Александровский жолдас) коллективі де жақсы көмектесуде. Бұл завод Совет ауданындағы «Аралташ» колхозын қамқорлыққа алып, колхоздың маусымдық жұмысының барлық салаларына араласып келеді. Жақында құрамында 18 адам бар құрылысшылар бригадасы ұйымдастырылып, ол бригада заводтың өз материалдары есебінен колхозға жабық қырман салып, толық жабдықтап, пайдалануға берді.

Завод коллективі өздерінің күш-мүмкіншіліктерін есептей келіп, егін жыйнау мен мемлекетке астық тасыру маусымы аяқталғанша Октябрь ауданының Чапаев атындағы колхозына 22 адам, Петропавл ауданына 15 адам түпкілікті жұмысқа жіберді. Сол сыяқты, Преснов ауданында жұмыс істеу үшін де екі жүк машинасы бөлінді. Бұл автомашиналар көзірде аудан колхоздары мен совхоздарының астық қырмандарынан Мамлют, Петухово станцияларына астық тасып жүр.

К. ЕРТАЕВ.

шұжық тағамдарын өндіру екі есе, консерв тағамдарын шығару біржарым есе арттырылды.

Ет комбинатының коллективі өздерінің барлық ішкі-мүмкіншіліктері мен резервтерін есептей келіп, 1960 жылы жалпы өнім шығаруды біржарым есе арттыруға, жоғары сортты консервтің 140 процент, бәрәміш тағамдарын 150 процент артық жасауға, пельмен және котлет жасауды екі есе арттыруға, мұнымен бірге, азық-түлік тағамдарының басқа түрлерін көптеп жасап шығаруды игеруге ұйғарыңды жасады.

Қ. НҮРКЕЕВ.

БҰҰ Бас Ассамблеясының X сессиясында

ССРО делегациясының басшысы В. М. МОЛОТОВТЫҢ мәлімдемесі

БҰҰ Бас Ассамблеясының 1955 жылғы 20 сентябрьдегі пленум мәжілісінде жасалған

Председатель мұра, мұрагерлер! Совет Одағының делегациясы Бас Ассамблеяның бұдан бұрынғы сессияларының талқылауына сан рет енгізілген, бірақ осы уақытқа дейін дұрыс шешілмей келген мәселе сіздердің назарыңызды аударуы қажет деп санайды. Әсіресе Қытай Халық Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымындағы заңды праволарын қалпына келтіру туралы болып отыр. Ал оның бер жағында бұл мәселені шешуді кейінде қалдыра беруге, әсіресе кәзіргі халықаралық жағдайда, ешқандай негіздер жоқ.

Бас Ассамблеяның осы сессиясы неғұрлым қолайлы халықаралық жағдайда ашылып отыр. Мұны ең алдымен төрт держава үкіметтері Басшыларының Женева келіссөзінің нәтижелері айқын көрсетеді. Мемлекеттер арасында қатынастарды жақсарту, олардың арасында сенімді нығайту, халықаралық шиеленісті бәсеңдету жағына қарай жасалған белгілі бет бұрыс бар.

Кәзіргі уақытта, Женева шешімінен кейін, пісуі жеткен реттелмеген проблемаларды шешуге неғұрлым қолайлы жағдайлар болып отыр.

Осындай проблемалардың арасында Қытай Халық Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымындағы заңды праволарын қалпына келтіру туралы мәселе ерекше орын алады. Белгілі жағдайлардың және қолдан тудырылған кедергілердің салдарынан бұл проблема соңғы бірнеше жылдан бері реттелмей келеді. Сөйтін Қытай Халық Республикасы жөнінде көрнеу өділетсіздікке жол берілуде, ал осы өділетсіздікті жоюдың қажеттігі халықаралық ынтымақты оған әрі дамыту мүдделерінен, Біріккен Ұлттар Ұйымының өзінің мүдделерінен туып отыр. Мұндай жағдай Біріккен Ұлттар Ұйымының беделіне әсер етпей қоймайды, оның беделін түсіріп, Біріккен Ұлттар Ұйымының Уставта көзделген міндеттерді орындауына—халықаралық бейбітшілік пен хауіпсіздікті қолдауына, ұлттар арасында достық қатынастарды дамытуына, әртүрлі салаларда халықаралық ынтымақты жүзеге асырып отыруына және мемлекеттердің қышымдарын үйлестіріп отыратын орталық болуына бөгет болып келеді.

Туып отырған кәзіргі халықаралық жағдайда Қытай Халық Республикасының БҰҰ-дағы заңды праволарын қалпына келтіру, халықаралық шиеленісті оған әрі бәсеңдету жолындағы жаңа маңызды қадам болған болар еді. Бисінші жағынан, ұлы державалардың бірі—Қытай Халық Республикасы БҰҰ-ның жұмысына дөңгелек қатыстырылмай отырғанда, ал оның БҰҰ-дағы орнын ешкімнің өкілі болып табымайтыны барлық жұртқа мәлім болғандар заңсыз алып отырғанда, Біріккен Ұлттар Ұйымы өзінің шынмен міндеттерін ойдағыдай орындай алмайды.

Қытай Халық Республикасы Азияның ең зор мемлекеті болып табылады, оны кәзіргі өзінде басқа мемлекеттер Ұлы держава деп іс жүзінде танып отыр. Қытай халқы көптеген ғасырлардан бері әлі ешқашан да біздің заманымыздағыдай бірігіп, топтасып көрген емес. Алғаш жүз миллионды қытай халқы өзінің халықтық-демократиялық үкіметін бір кісідей қолдап, өзінің мемлекеттік және қоғамдық тұрмысын жаңа негіздерде, халықтың, еңбекші адамдардың шын мәнісіндегі мүдделеріне сәйкес орасан зор жігермен орнатуда. Қытайда ұлт күштері бұрын болып көрмеген дәрежеде өсуде, экономика өрле басуда, ұлы демократиялық және социалистік өзгерістер жасалуда. Оқылғандардың осы тарихи бет бұрысын тоқтатуға ешкімнің де шамасы жетпейді, бұл тарихи бет бұрыс Азиядағы басқа да ең ірі оқиғалармен бірге Азия халықтарының жаңа, даңқты тарихи дәуірге, ұлы өзгерістер дәуіріне кіркендігін айғағы болып табылады.

Быйылғы жылдың көктемінде болып өткен Бандунг конференциясы Қытай Халық Республикасының Индиямен, Индонезиямен және Азия мен Африканың басқа да мемлекеттерімен бірге, халықаралық дамудың және прогрестің маңызды факторы болып отыратынын көрсетті. Бандунг конференциясына мемлекеттік және қоғамдық құрылысы әртүрлі 29 азиялық және африкалық ел қатысты, бұлар, оның өзінде, ортақ тіл тауып, халықаралық қатынастардың дамуында жаңа бет ашты. Мұндай фактордың маңызын көсітуге немесе Қытай

Халық Республикасының осы халықаралық жағдайдағы ролін жете бағаламауға тырысудың мәнісі—жері тартқандық және Париж айыптаған үмітсіз позицияны ұстағандық болады.

Осында Қытай Халық Республикасы аса көрнекті жақсы роль атқарған және атқарып отырған басқа да толып жатқан халықаралық оқиғалар туралы айтып жатудың қажеті жоқ. Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше көптеген мемлекеттер Қытай Халық Республикасымен кәзіргі өзінде оңды саяси және экономикалық қатынастар орнатып отыр. Басқа мемлекеттер де осы жолға түсуге ұмтылуда.

Қытай Халық Республикасының, Біріккен Ұлттар Ұйымының тең праволы мүшесі ретінде, БҰҰ-ның Бас Ассамблеясына, Хауіпсіздік Советіне және басқа органдарына қатысуы халықаралық бейбітшілік пен хауіпсіздікті нығайту мүдделері үшін де, сондай-ақ БҰҰ-ның халықаралық беделін қамтамасыз ету мүдделері үшін де қажет. Қытай Халық Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымындағы даусыз праволарын бұдан былай да елемей—демек, Уставты оған әрі бұза беру, өділеттік принциптерін, халықаралық правоның принциптерін оған әрі бұза беру деген сөз.

Совет Одағының делегациясы Қытай Халық Республикасының даусыз праволарын қалпына келтіру туралы мәселені шешуді оған әрі қалдыра беруге ешқандай негіздер жоқ деп санайды және осыған байланысты Ассамблеяның бекітуіне бұл мәселе жөнінде мынадай қарар жобасын ұсынады:

«Бас Ассамблея Қытай Халық Республикасының орталық халық үкіметі тағайындаған өкілдері ғана БҰҰ-ның Бас Ассамблеясындағы және басқа органдарындағы Қытайдың өкілдері болып табылады деп шешеді».

Совет делегациясы бұл ұсыныс басқа делегациялардың тарапынан қосталары деп және бұл ұсынысты қабылдау Біріккен Ұлттар Ұйымына жүктелген негізгі міндетті—бейбітшілікті қолдап, нығайту және мемлекеттер арасында ынтымақты дамыту міндетін шешуге көмектесетін болады деп үміттенеді.



Совет делегациясының басшысы сөйлеп болғаннан кейін сөз алған АҚШ өкілі Лодж, ешқандай дәлелдер келтірместен,

үкіметі, халықаралық правоның барлық нормалары бойынша, Қытайдың бірден-бір заңды үкіметі, алғаш жүз миллионды қы-

және экономикалық қатынастарын орнаттып отырған мемлекеттердің халқы жер шарындағы халықтың көпшілігі өсендігі-

Албанияның басқа елдермен мәдени байланысы ұлғаюда

ТИРАНА, 22 сентябрь. (ТАСС). Албания еңбекшілері Совет Одағы, Қытай Халық Республикасы, Польша, Чехословакия, Италия, Франция және басқа елдер халықтарының өкілдерін өз елдерінде қуанышпен қарсы алады. Бұл елдерден келген адамдар албан жұмысшылары мен шаруаларының өмірлерімен және еңбектегі табыстарымен, Албаниядағы өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығының, мәдениеттің, ғылым мен искусствоның өркендеу дәрежесімен танысады. Өз кәзегінде Албанияның қоғам қайраткерлері, жұмысшылар мен егін дәлелі еңбекшілері, ғалымдары мен жазушылары Совет Одағына, Қытай Халық Республикасына, Болгарияға, Венгрияға, тағы басқа елдерге барады.

Жас албан искусствосы шетелдерде барған сайын кеңінен мәлім бола бастауда. Варшавадағы жастар мен студенттердің бесінші Бүкілдүниежүзілік фестиваліне қатысқан филармонияның көркем ансамблі жуық арада Польшаның, Чехословакияның және Герман Демократиялық Республикасының әртүрлі қалаларында өзінің программасын көрсетті. Тауау уақытта бұл ансамбль Румыния мен Болгарияда концерт қояды. Албания Лаулық армиясының ән және би ансамблі

кәзір Вьетнам Халық Республикасында жүр, ансамбль соңғы айлар ішінде Мөңғол Халық Республикасы мен Қытай Халық Республикасының қалаларында болды. Жуық арада ансамбль Корея Халық Демократиялық Республикасына барады.

Албан еңбекшілері туысқан халықтар искусствосының қайраткерлерін өз елдерінде меймандостықпен қарсы алады. Өткен жылы республиканың астанасы Тиранада және басқа қалаларда совет артистерінің коллективі ойын қойды. Быйылғы жылғы июльде мұнда поляк эшпіндері мен музыкашылары болды.

Кәзір елде Қытай артистерінің үлкен бір тобы қонақ болып жүр.

100 мыңдаған албан еңбекшілері өз елінің экрандарында Совет Одағы, Қытай Халық Республикасы, Чехословакия, Венгрия кинематографияларының шығармаларын көрді.

Елдің концерт залдары мен клубтарында орыстың халық әндері, совет композиторлары мен халықтық демократия елдері композиторларының шығармалары жиі орындалады.

Албан еңбекшілерінің арасында шетел әдебиеті, соның ішінде орыстың классикалық әдебиеті мен совет әдебиеті кеңінен белгілі болып отыр.

Франциядағы ереуіл қозғалысы

ПАРИЖ, 21 сентябрь. (ТАСС). Франциядағы ереуіл қозғалысы темір жол транспортына жайылды. Өздерінің материалдық жағдайларын жақсартуды талап етіп, Париждің солтүстік вокзалындағы қалаға жапсарлас линиялардың қызметкерлері кеше 24 сағаттық ереуіл өткізді.

Франция темір жолының ұлттық қоғамы басқармасының мәліметіне сәйкес, бүгін таңертең Париждің Сен-Лазар вокзалында қалалық поездардың жүрісі тек 50 процентке ғана қамтамасыз етілген. Сонымен бірге, Париждің Монпарнас, Аустерлиц вокзалдарында және Шығыс вокзалына түйсетін темір жолдарда поездардың жүрісі графиті бұзылған.

«Юманите» газеті Нант еңбекшілерінің жаңа жеңісі туралы хабарлайды. Бұрын белгілі болғанындай, шеме жасау верфтерінің, металл өңдейтін және қаланың басқа да кәсіпорындарының иелері бұдан бірнеше күн бұрын жұмысшылар ереуіліне жауап ретінде локаут жариялап, жұмысшыларды жұмыстан жаппай шығара бастаған болатын.

Еңбекшілердің наразылықтары мен жігерлі жүресітерінің нәтижесінде Нанттың көптеген кәсіпорындарының иелері бұрнаны күші локаутты жойды. Кеше он мыңға жуық адам қатысқан бұқаралық митингте шеме жасау верфтері мен ме-

ушымдарының қыймыл бірлестігі туралы жасалған ұсынысты қабылдамаған болатын. Жалпы еңбек конфедерациясы мұндама жариялап, онда теміржолшыларды өздерінің экономикалық жағдайын жақсарту жолындағы бұдан былайғы күрестің түрін олардың өздерінің белгілеуіне шақырған.

Кеше Парижде национализацияланған «Электрицитэ де франс» қоғамы дирекциясы үйінің алдында көп адам қатысқан демонстрация болып, оған электр станциялары мен газ заводтарының жалмақыны арттыруды талап етуші мыңдаған жұмысшылары қатысқан.

Еңбекшілердің 40 мың адам қатысқан демонстрациясы кеше, сол сияқты Нантта да болды. Ол жалпы еңбек конфедерациясының, «Форс увриердің», тағы басқа кәсіподақ бірлестіктерінің шақыруымен өткізілді. Демонстрацияға шеме жасау верфтері мен металл өңдейтін кәсіпорындарының жұмысшылары, дошпаер, вошал, почта мен телеграф қызметкерлері, магазин сатушылары қатысты. Демонстрацияшылар кәсіп иелері тарапынан болған қуғындарға қарамастан, жұмысшылар мен қызметшілердің материалдық жағдайды жақсарту жөніндегі талаптарын қанағаттандыру жолындағы күресті тоқтатуға бел байлағандықтарын білдірді.

В. И. Ленин шығармаларының 31-томы поляк тілінде

ВАРШАВА, 22 сентябрь. (ТАСС). Поляктың «Кітап және білім» баспасы В. И. Ленин шығармаларының 31-томын поляк тілінде баспадан шығарды.

ҚАРСЫЛАСУ ҚОЗҒАЛЫСЫНА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФЕДЕРАЦИЯСЫ БЮРОСЫНЫҢ МӘЖЛІСІ

24 сентябрьден 27 сентябрьге дейін Будапештте қарсыласу қозғалысына қатысушылардың халықаралық федерациясы бюросының кезекті мәжілісі өтетін болады.

Қарсыласу қозғалысына қатысушылардың халықаралық федерациясының бюросы мына мәселелерді талқылайды:

1. Халықаралық шиеленісті бәсеңдету, Европаның хауіпсіздігін қамтамасыз ету және бейбітшілікті нығайту ісіндегі федерацияның жұмысы мен міндеттері.
2. Үстіміздегі жылғы октябрьде заң шығару және қарсыласушы күрескерлердің праволары мәселелері жөнінде халықаралық конференция шақыру.
3. Федерацияның әлеуметтік қызметі.
4. Қарсыласудың халықаралық сыйлағын белгілеу.

Қарсыласу қозғалысына қатысушылардың халықаралық федерациясы бюросының мәжілісіне қатысу үшін совет өкілі, қарсыласу қозғалысына қатысушылардың халықаралық федерациясының вице-президенті А. С. Гундоров 23 сентябрьде Москвадан Будапештке жүріп кетеді.

ФРАНЦУЗ ОДАҒЫ ЖАҒЫ АЛЫП КЕТКЕН МҮЛІКТЕР ҮШІН ВДР-ға КОМПЕНСАЦИЯ ТӨЛЕУГЕ МІНДЕТТЕНДІ

ХАНОЙ, 22 сентябрь. (ТАСС). Вьетнам информация агенттігінің хабарлауына қарағанда, француз одағының әскерлері Ханойдан жетер алдында қаланың қоғамдық ұйымдарына тиісті мүліктерді заңсыз тасып әкеткен. Вьетнамдағы аралас комиссияда осы мәселе жөнінде Вьетнам Халық армиясы мен француз одағының әскерлері делегацияларының арасында келіссөздер жүрізілді. 19 сентябрьде олардың арасында келісімге қол жеткізіп, бұл келісім бойынша француз одағының әскерлері жағы алып кеткен мүліктердің бір бөлегін қайтарып берді. Алып кетілген мүліктердің қалған бөлегі үшін француз одағының әскерлері жағы Вьетнам Халық армиясы жағына 265 милли-

ғы праволарын қалпына келтіру туралы мәселені Бас Ассамблеяның X сессиясында талқыламауды ұсынды. Жұмыс төртінші бөлімнің ережелерін, ешқандай негізсіз, дәлелге келтіріп, ол өзінің ұсынысы бірінші болып дауысқа қойылсын деп сұрады. Чанкайшілік сөз сөйлеп, ҚХР мен ССРО-ға өрескел жала жапты.

Англияның өкілі Наттинг Құрама Штаттар делегациясының ұсынысын қолдады. Англия, деді ол, ҚХР үкіметін Қытайдың үкіметі деп танып отырса да, дегенмен ағылшын үкіметі бұл мәселені шешетін мәзіл әлі туған жоқ деп санайды. Индияның, Польшаның, Бирманың, Чехословакияның, Югославияның және Индонезияның өкілдері Қытай Халық Республикасының БҰҰ-дағы заңды праволарын қалпына келтіру туралы ССРО-делегациясының ұсынысын қолдады.

Польша делегациясының басшысы Нашковский мынаған назар аударды: ҚХР-дің заңды праволарын қалпына келтіру туралы мәселе қаралмасын деген БҰҰ Бас Ассамблеясының өткен сессияларының қарарлары БҰҰ-ның ойдағыдай жұмыс істеуіне тіпті де атсалысқан жоқ, қайта, мұның жерінінше, көп жағдайда оның жұмысының берекесін көтерді.

АҚШ-тың бұл мәселе жөніндегі саясатында, деді Нашковский бұдан кейін, логика жоқ екенін атап көрсету керек. Бірінші жағынан, АҚШ Женевада ҚХР өкілімен келіссөздер жүргізуде, ал екінші жағынан, —өзінің позициясын еш нәрсенен дәлелдеместен, —ҚХР-дің БҰҰ-дағы заңды праволарын қалпына келтіру туралы мәселе қараудан бастартуда.

Көзіргі сессияда, —деді Польшаның өкілі сөзінің қорытындысында, —Қыйыр Шығысқа қатысы бар көптеген мәселелер тұр, ал бұл мәселелерді, сондай-ақ басқа да мәселелерді Қытайдың заңды өкілдерінің қатысуынсыз шешу мүмкін емес.

Менің үкіметім, деп мәлімдеді, Индия делегациясының басшысы Кришна Мено, Индияның және Бандунг конференциясына қатысушы Азия елдерінің халықтары алдындағы, сондай-ақ бүкіл дүние жүзінің қалың жұртшылығы алдындағы өзінің міндеттемелерін орындай отырып, Қытай Халық Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымындағы заңды праволарын қалпына келтіруді жақтап шығуда. ҚХР-ді БҰҰ-ға «алу» туралы, —деді ол, қандай да болса талас болмауға тиіс. Қытай БҰҰ-ның негізін қалаушы ұлы державалардың бірі болып табылады, сондықтан көзіргі уақытта оның БҰҰ-дағы заңды праволарын қалпына келтіру жолында тұрған кедергілерді жою қажет.

Индияның делегациясы, деді Б. Мено бұдан кейін, былай деп санайды: ҚХР

ның халқының өкілі болып табылады.

Менің үкіметім, деді қорытындысында Б. Мено, ҚХР-дің БҰҰ-дағы заңды праволарын таңуды талап етуді өзінің міндеті деп санайды және АҚШ делегациясының ұсынысына қарсы дауыс береді.

Бирма делегациясының басшысы Баррингтон былай деп мәлімдеді: Қытайдың тек бір ғана үкіметі —Қытай Халық Республикасының Орталық Халық үкіметі бар. Тек осы үкімет ғана, деді ол, БҰҰ-да заңды орын алуға аспаволы, өйткені Қытайдың бұдан басқа үкіметі жоқ.

Бирманың делегациясы, деп мәлімдеді Баррингтон, ҚХР-дің өкілдеріне БҰҰ-дағы заңды орын беру туралы ұсынысты қолдайды және бұған бөлет болып отырған ұсыныстарға қарсы шығады.

Бұдан кейін В. М. Молотов екінші рет сөз алды. Чанкайшіліктің сөзін ескерте келіп, ол былай деді: Бас Ассамблеяда ешкімнің өкілі болып табылмайтын адамның сөзі туралы менің айтқып жатуымның қажеті жоқ. Оның сөзіне ешкім де көңіл бөліп отырған жоқ деп ойлаймын. Мұнда тек Бас Ассамблеяға қатысушылардың төзімділігіне, оның сөзін әлі күнге дейін тыңдап, оған осы трибунадан орын беріп отырғанына ғана таңдануға болады.

Менің Қытай Халық Республикасын және оның халықтық үкіметін қорғауымын ешқандай қажеті жоқ. Бұл —бүкіл қытай халқының біріктіріп отырған ұлы держава екені, бұл —бүкіл дүние жүзінде құрметтеліп отырған Қытайдың үкіметі екені бүкіл дүние жүзіндегі барлық адамдарға аян. Міне бұл Қытай Халық Республикасының үкіметін Қытайдың алты жүз миллион халқының қолдап отырғанынан-ақ айқып көрінеді, ол бұл үкіметтің өз үкіметі екенін біледі.

Көзіргі өзінде көптеген мемлекеттер Қытай Халық Республикасымен қатынастарын белгілеп алды, сондықтан Бас Ассамблеяның осы сессиясында сіздер мұны Великобритания өкілінің сөзінен де, сондай-ақ Индия, Индонезия, Бирма, Польша, Чехословакия, Югославия сыяқты елдердің өкілдерінің сөздерінен де айқып көре аласыздар.

Бандунг конференциясына Азия мен Африканың 29 мемлекеті қатысқанын және 28 мемлекеттің Қытай Халық Республикасымен ортақ тіл тапқанын біз жақсы білеміз. Азия мен Африканың барлық дерлік мемлекеттерінің үкіметтері ынтымақпен жұмыс істеп, халықтардың праволары мен тәуелсіздігін қорғауға ұмтылған белгілі бір талаптармен жігерленді, мұның өзі Бандунг конференциясының қарарларында бейнеленді. Осының өзі де бірденің аңғартады.

Қытай Халық Республикасын көзіргі өзінде танып, онымен өздерінің саяси

не өздің көзміз ашқып жетеді. Ал мұны байқамай немесе мұны елемей отырғандардың нақ өздері мұның халықаралық қатынастарда қандай маңызы бар екенін түсінегін болуға тиіс.

В. М. Молотов бұдан кейін былай деді: Енді Америка Құрама Штаттары делегациясының осында енгізген ұсынысы жайында айтпақпын. Лодж мырза бұл арала Бас Ассамблеяның жұмыс төртіншінің 93-ші ережесін дәлелге келтірді. Ал Бас Ассамблеяға енгізілген ұсыныстарды дауысқа қою, егер Бас Ассамблеяның басқа қарары қабылданбаған болса, бұл ұсыныстардың Ассамблеяның қарауына түскен төртінші бойынша нақ осы ережеге сәйкес етізілуіне тиіс.

Бас Ассамблеяның жұмыс төртіншінің 93-ші ережесінде белгіленген төртінші басқаша қарар қабылдауға негіз бар ма? Құрама Штаттар делегациясының ұсынысын жұмыс төртінші жайындағы ұсыныс ретінде қарау, меніңше, дұрыс болмас еді, біздің былай істеуге негіздеріміз жоқ. Құрама Штаттардың делегациясы енгізген ұсынысты қабылдайтын болсақ, біз жұмыс төртіншінің мәселесін емес, қайта негізгі мәселенің өзін күн ілгері шешкен боламыз. Біз Қытай Халық Республикасының заңды праволарын қалпына келтіру туралы мәселені тағы да шешпей тастаймыз. Ал егер енгізілген ұсынысты іс жүзінде қарайтын болсақ, онда совет делегациясы, 93-ші ережені сақтай отырып, бұл ұсыныстарды енгізілген төртінші бойынша дауысқа қою керек деп ойлайды. Бұл ережеге қарсы болатындай ешқандай дәлел осында келтірілген жоқ.

Председательдік етуші Лунс ҚХР-дің БҰҰ-дағы праволарын қалпына келтіру туралы мәселені Бас Ассамблеяның X сессиясында қарамауды ұсынған АҚШ делегациясының қарары бірінші болып дауысқа қойылсын деген АҚШ өкілінің ұсынысын дауысқа қойды.

Ассамблеяның көпшілігі, жұмыс төртіншінің ережелерін бұза отырып, бұл қарарды мақұлдағаннан кейін, Лунс американдық қарарын әр делегацияның жеке-жеке дауыс беруіне қойды. 12 ел —ССРО, Индия, Чехословакия, Бирма, Индонезия, Польша, Швеция, Югославия, УССР, ВССР, Дания, Норвегия бұл қарарды қабылдауға қарсы дауыс берді. Американдық қарары дауысқа қойылған кезде 6 ел (Афганистан, Египет, Израиль, Мексика, Сауд-арабиясы, Сирия) қалыс қалды.

Бас Ассамблея X сессиясының президенті етпн Чилидің өкілі Хосе Маса бірауыздан сайланды. Маса қысқаша сөзінен кейін БҰҰ Бас Ассамблеясы X сессиясының бірінші мәжілісін жабылды деп жариялады.

Талап өңдегін кәсіпорындары иелерінің өкілдері жұмысшыларды жұмыстан шығару жөніндегі бұйрықты жоюға келісті деп жарияланды.

Барлық кәсіподақ ұйымдарының арасында кыймыл бірлестігі жағдайында өткізілген сегіз күндік ереуілден кейін, Париж қалалық транспортының қызметкерлері жұмысты қайтадан бастауға ұйғарды.

ПАРИЖ, 22 сентябрь. (ТАСС). Темір жол транспорты қызметкерлерінің автономды федерациясы бүгін, 17 сағатта 24 сағаттық ереуіл бастауға ұйғарды. Мынаны атап өтуге тура келеді: бұл федерация жалпы еңбек конфедерациясына кіретін теміржолшылардың кәсіподағы

Англиядағы ереуіл қозғалысы

ЛОНДОН, 22 сентябрь. (ТАСС). Баспасөздің хабарлары бойынша, Англияның бірнеше порттарының екі порт жұмысшысы жұмыстан шығаруға қарсы наразылық ретінде ереуіл жариялаған дөңгілері өздерінің талаптарын қанағаттандыруға жетіскен.

Лондон газеттері елдің бірсыпыра кәсіпорындарында жаңадан басталған ереуілдер туралы хабарлауда. Мысалы, «Дейли экспресс» мынаны атап көрселе-

«Юманите» газетінің хабарлауына қарағанда, Гаврдағы «Медитеране» және жасау верфінің өкімшілік орны локсаут жариялап, соның салдарынан бүгін таң ертеңнен бастап мыңдаған еңбекшілер жұмыссыз қалуда.

Жалпы еңбек конфедерациясының бюросы мәлімдеме жариялап, француз жұмысшыларын ереуіл көтеруге шақырды, сонымен бірге кәсіпорындарының жабылуы салдарынан өмір сүруге қажетті қаражатсыз қалған барлық жұмысшылар мен кызметшілерді қолдауға шақырады. Жалпы еңбек конфедерациясының мәлімдемесінде былай делінген: металл өңдеу өнеркәсібінің өзінде ғана локсауттап 25 мың адам жапа шекті.

ді: Колдер-Холдағы атом қондырғысы құрылысында жұмыс істейтін мыңдаған жұмысшылар осы айдың ішінде өкілші рет ереуіл көтерген. Англияның авиация құрылысы заводтарының жұмысшылары Блэкпулдағы реактивтік самолеттер жасау зауытының көзіргі өзінде 10 күн бойы ереуіл көтеруші 2500 жұмысшысына ақшадай көмек көрсету туралы қарар қабылдады.



ССРО МӘДЕНИЕТ
МИНИСТРЛІГІНІҢ
СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСТЫҚ КИНОПРОКАТ
БӨЛІМШЕСІ
облыс экрандарында
«Өмір сабағы»

деген көркемсуретті жаңа фильм көрсете бастады. Фильмді Ленин орденді «Мосфильм» киностудиясы 1955 жылы жасап шығарған.

он франк сомасында компенсация төлеуге міндеттенді.

АМЕРИКАН ӘСКЕРЛЕРІН ИТАЛИЯҒА ӘКЕЛУ ЖАЙЫНДА

РИМ, 22 сентябрь. (ТАСС). «Унита» газетінің хабарлауы бойынша, Виченцаның тұрғындары американдық әскерлері контингенттерінің Австриядан осында әкелінуіне қарсы қатты наразылықтар білдіруде, американдық әскерлері көзіргі Солтүстік Италияға орналастырылуда.

Газеттің атап көрсетуіне қарағанда, американдық әскерлері ешқандай ресми салтанатсыз, құшып келген, мұның өзі американдық әскерлерін Италияға әкелуге қарсы кең көлемдегі наразылық қозғалысымен байланысты Италияның өкімет орындарының тынышсызданатындығын көрсетеді. Біртөп жастар Виченцада шетелдік әскерлердің келтірілуіне қарсы бағытталған листовкалар таратқан. Италия жастары коммунистік федерациясының провинциалды ұйымының секретары Андриолонь полиция тұтқына алған.

Редактордың орынбасары
Ғ. НҮРМОЛДИН.

Киноларда

«УДАРНИК» кинотеатрында

«ӨМІР САБАҒЫ»

Сеанстар сағат 5, 6-50, 8-40, 10-30-да басталады.

«ОКТАБРЬ» кинотеатрында

«ГАСПАРОНЕ»

Сеанстар сағат 4-30, 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

«Заготстрой» тресінің машина-прокат базасына.

түпкілікті жұмысқа тәжірибелі машинистка КЕРЕК.

Еңбекақы смета бойынша төленеді.

Адрес: Петропавл қаласы, Красноармеец көшесі, 1-үй.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор —1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат —1-33, партия және насихат бөлімдері —0-22, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп-транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет-тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы —4-39, газет баспасы—5-53, газет табыс етілмесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.